

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру институты

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы

**Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі**

_____ **З.С. Тоқыбаев**
2016 ж. « ____ » _____

6D030300 - «Құқыққорғау қызметі» мамандығына арналған

SKOTGP7211 Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы

және қазіргі даму үрдісі

пәні бойынша оқу жұмыс бағдарламасы

(SYLLABUS)

Оқыту нысаны: күндізгі

Курс: 1

Семестр: 1

Кредиттер саны: 2

Дәріс: 15

Семинар: 15

ДООЖ: 30

ДӨЖ: 30

Емтихан: 1 семестр

Қарағанды 2016

«Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму үрдісі» пәні бойынша 6D030300 құқыққорғау қызметі мамандығына арналған оқу жұмыс бағдарламасы (SYLLABUS), 55 б.

Құрастырған: Түсіпбеков Серғазы Сейтқазыұлы -
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының
аға оқытушысы полиция подполковнигі

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы отырысында қарастырылды
20__ж. «__»_____ №__ хаттама

Мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы
полиция майоры

Р.Қ. Джиембаев

Академияның ОӘК отырысында бекітілді
20__ж. «__»_____ №__ хаттама

3.1. Негізгі ақпарат

1. Шифр және мамандық атауы	6D030300 құқық қорғау қызметі мамандығы
2. Курс, семестр	1-курс 1-семестр доктор Phd
3. Пән циклі	Таңдау бойынша компонент
4. Кредиттер саны	2 кредит
5. Сабақ өткізу орны	Оқу аудиториясы
6. Лектор	Джиембаев Руслан Кайратович, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, з.ғ.к. (Ермеков көшесі, 124), байланыс телефон – 30-34-16, ішкі.-211, 312
7.Сабақ беруші оқытушы	Түсіпбеков Серғазы Сейтқазыұлы, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі (Ермеков көшесі, 124), байланыс телефон – 30-34-16, ішкі.-211, 312

3.2. Пререквизит: аталмыш курстың материалын игеруден бұрын докторантға белгіленген оқу жұмысы жоспары көлемінде алатын тиісті құқықтық теориялық білім қажет.

3.3. Постреквизит: белгіленген курс бойынша оқыту көлемі Докторанттардың білімін, іскерлік, ғылыми зерттеулер барысында арнайы ғылыми ілімдерді пайдалануда ұсынымдар мен дағдыларды пайдалану мақсатында жұмсалу керек.

3.4. Пәннің қысқаша сипаттамасы:

«Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму үрдісі» пәнінде мемлекет және құқық теориясының мейлінше маңызды мәселелерін және мәселелі жақтарын қарастырған. Әсіресе, мемлекеттің пайда болу туралы мәселеге көзқарастардың әр қилылығы, қоғамның саяси жүйесінің даму генезисі, мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік проблемалары, құқықты түсіну проблемалары, құқық теориясының жалпы сипаттамасы, құқық нормасы мен нормативтік актілер мәтіннің өзара байланысуының теориялық проблемаларына көп көңіл бөлінген.

«Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму үрдісі» пәні бойынша курсының негізгі міндеттері: докторанттардың салыстырмалы құқықтану санаттары мен түсінігін меңгеру; елдердің түрлі құқықтық жүйесіндегі қолданыстағы мемлекеттік-құқықтық заңнамаларына дұрыс бағдарлауға, елдердің қазіргі құқықтық жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілерді түсіну және талқылау дағдылары мен іскерленуге оқыту.

Құқықтану - мәдениеттің жоғары күшіне талпыныс береді, заңгерлік ойлау қабілетіне белсенді ықпал жасайды, заңгерге (докторантқа) қажетті білім береді.

Пәнді зерделеу нәтижесінде докторант:

білуі:

- қазіргі құқық жүйесі және ілім;
- құқықтағы (құқық әдістерінің теориясы) әдістемелік мәселелері.

үйренуі:

- Қазақстан Республикасының заңнамаларында құқыққолданудың қазіргі құқық жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілер мазмұнын тәжірибеде пайдалану;

- «құқықтану» әдісін құқықтық құбылыстарды зерделеудің бірден-бір маңызды құралы ретінде тәжірибеде пайдалану;

- қазіргі құқық жүйесінің жалпы, ерекше және жалғыздылығын айқындау үшін салыстырмалы әдісті қолдану **керек**.

Докторанттардың сабақ уақытын бөлу					
Барлығы (көлемі)	Аудиторлық сағат				
	Дәріс	Семинар. сабақ	Практик. сабақ	ДООЖ (аудитор.)	ДӨЖ
	2 кредит	50/15 мин/ саб.	50/15 мин/саб.	-	50/30 мин/саб.
90 сағат	15 сабақ	15 сабақ	-	30 сабақ	30 сабақ

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттерге сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	семинар	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	ағымдағы	15-30	ауызша	семинар сабағында
2	ДООЖ	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	ағымдағы		ауызша, жазбаша	15 аптаға дейін
3	ДӨЖ	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	межелік бақылау	15-30	ауызша, жазбаша тест	жоспар бойынша
4	емтихан	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	қорытынды	20-40	тест	кесте бойынша

3.6. Курс сапасы:

ДООЖ және ДОЖ, рейтингтер бойынша тапсырмаларды орындау, семинар сабақтарына жүйелі түрдеу дайындалу;

≡ сабақтарда бөтендік таныту, тақырыптарын зерделеуде бастамашылық таныту.

≡ сабақтарында оқытушы және жолдастарына бөтен сұрақтар қойып, әңгімелесіп, алаңдату;

ДООЖ және ДОЖ бойынша тапсырмаларды орындау үшін мерзімі және кестесі магистранттар үшін оқу-әдістемелік кешенінде көрсетілген.

Баға қою саясаты: Елден келген барлық материалды қамтып, тест түріндегі емтиханмен аяқталады. Емтиханға рұқсатнама алу үшін міндетті талап бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмалардың орындалуы болып табылады. Дәріс курсының тақырыптары бойынша жоспарланған: жазба жұмыстары, ДООЖ аясында құқық қорғау органының ең өзекті мәселелері бойынша пікірталас.

Қорытынды бағаны қою барысында балл қою ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойынша есептеледі.

Межелік бақылау №1 (ағымдағы бақылау енеді) = 30 % 7 аптада өседі. Ағымдық және межелік бақылаудың қорытындысы жиыну қағидасы бойынша ведомспен ұсынылады және емтиханға рұқсатнамаға негіз болып табылады.

Егер докторант межелік бақылауды тапсыру қорытындысы бойынша пән бойынша (60 %) бағаның жартысын ғана алса, емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша емтихан бағасы аралық аттестация және межелік бақылау бойынша үлгерім көрсеткішінің сомасы ретінде анықталады – 40 % және 100 % құрайды.

Докторанттардың білімін бағалау жүйесі

Емтихандық баға пән бойынша ең жоғарғы максималдық межелік бақылау бағаларымен анықталады – 60% және аралық аттестация (емтиханға) - 40% ал 100% құрайды, осылай қорытынды баға мына формуламен анықталады:

$$И\% = P_1 + P_2 / 2 \times 0,4 + Э \times 0,6$$

Бұл жерде:

P1 – бірінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы.

P2 – екінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы

Э – емтихандық бағалардың пайыздық құрамы

Сондықтан, нақты есеппен қорытынды бағаларды оқышылардың білімімен бағалау қажет межелік бақылауда (рейтингте) және емтихандағы қорытынды пайызбен 0-ден 100%-ге дейін.

Докторанттардың білімі, дайындығы және іскерлігі келесі жүйе бойынша бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мағынасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағасы
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D-	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

3.7. Әдебиеттер тізімінің мазмұны

№ п/п	Авторы, әдебиеттер атауы	Жылы, басылым орны
1. Негізгі әдебиеттер:		
1.	Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы, 2008.
2.	Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы	Алматы: Заң әдебиеті, 2009.
3.	Байжанова Г.Т., Әділбекова Қ.Қ. Мемлекет және құқық теориясы пәні бойынша мемлекет бөліміне арналған дәрістер жинағы	Қарағанды, 2003.
4.	Байжанова Г.Т. Құқық теориясы	Қарағанды, 2004.
5.	Байжанова Г.Т. Мемлекет және құқық теориясы	Қарағанды:Болашақ-Баспа, 2006.

6.	Бейсенова А.У. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы: Ата мұра, 2007.
7.	Биекенов Н.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы	Қарағанды, 2006.
8.	Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы	Алматы: Заң әдебиеті, 2007.
9.	Дархамбаева А. Д. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы: негізгі терминдер мен ұғымдарды қысқаша түсіндіру/ А. Д. Дархамбаева.	Алматы: Айдана, 2003.
10.	Жоламан Қ.Д, Мұқтарова А.К., Тәуекелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы	Алматы: Фолиант, 2001.
11.	Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы	Алматы: Нур - пресс, 2007.
12.	Ибраева А.С., Ибраев Н.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық	Астана: Фолиант, 2007.
13.	Какимова М. Ш. Мемлекет және құқық теориясы негіздері: бастауыш және орта кәсіби білім беруге арналған оқулық	Астана: Фолиант, 2007.
14.	Мемлекет және құқық теориясы: оқулық / Қ. Д. Жоламан	Алматы : Нұр-Пресс, 2005.
15.	Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы, Жеті жарғы, 2006
16.	Өзбекұлы С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық	Алматы: Жеті Жарғы, 2009.
17.	Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы Оқулық.	Астана: Фолиант, 2007.
18.	Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. 2-басылым.	Алматы: Заң әдебиеті, 2011.
19.	Салкебаев Т.С., Тусупбеков С.С. Мемлекет және құқық теориясы: дәрістер курсы.	Қарағанды 2011ж.
20.	Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері.	Алматы: Жеті Жарғы, 2009.
21.	Шапахқызы У., Салкебаев Т. Мемлекет және құқық теориясы	Астана, 2009.
2. Нормативті құқықтық актілер:		
22.	Қазақстан Республикасы Конституциясы	Алматы: Жеті Жарғы, 2012.
23.	ҚР Қылмыстық кодексі.	Алматы, 2015
24.	ҚР Азаматтық кодексі	Алматы, 2015.
25.	Қазақ КСР-ның мемлекеттік егеменділік туралы Декларациясы	//www.zakon.kz
26.	Қазақстан Республикасы конституциялық заңы	// www.zakon.kz

	«Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі туралы»	
27.	«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы №2733 Конституциялық Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен)	// www.zakon.kz
28.	«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы № 2529 Конституциялық заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса)	// www.zakon.kz
29.	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132-ІІ Конституциялық Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен)	// www.zakon.kz
30.	«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы №2688 Конституциялық заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса)	// www.zakon.kz
31.	«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы №2737 конституциялық заңы	// www.zakon.kz
32.	Қазақстан Республикасы заңы «Прокуратура туралы» 29 желтоқсан 1995 N 2709	// en.government.kz
33.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы N 233 Заңы	// www.e.gov.kz
34.	Қазақстан Республикасының заңы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 23 қаңтар 2001 жыл №148 заңы	// zakon.kz
35.	«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен)	// zakon.kz
36.	Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1128-ІІ Заңы	// www.zakon.kz
37.	Қазақстан Республикасы «Саяси партиялар туралы» заңы. 2002 жылғы 15 шілде N 344-ІІ	// www.akorda.kz

38.	«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы N 3-I Заңы	// www.akorda.kz
39.	«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453-1 Заңы	// zakon.kz
40.	Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығы	// www.akorda.kz
41.	ҚР Президенті өкімі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілікті қалыптастыру тұғырнаамасы» 23 мамыр 1996	// Саясат. -1996. - №9.
3. Қосымша әдебиеттер:		
42.	Абельдинов А.К. Қазақстанда нормашығармашылықтың дамуы	Алматы: Жеты Жарғы, 1998.
43.	Алауов Е. Қылмысқа тосқауыл	Алматы, 1997.
44.	Алексеев А.С. К учению о юридической природе государства и государственной власти	Москва, 1995.
45.	Алимжан К. Әдет-ғұрыптық құқық теориясы мәселелері	Алматы, 2003.
46.	Атаманчук Г.В. Новое государство: поиски, иллюзии, возможности	М., 1996.
47.	Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Тәуелсіз Қазақстанның құқығы	Алматы: Жеті Жарғы, 1997.
48.	Ахметова Н.С. ХҮІІІ-ХІХ ғас. қазақтардың әдет-ғұрып заңдары	Қарағанды, 1997.
49.	Баймаханов М.Т. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан.	Алматы: КазГЮА, 2001.
50.	Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права	Алматы: Адилет, 2004.
51.	Берман Г. Западная традиция права: эпоха формирования	М., 1994.
52.	Богдановская И. Ю. Прецедентное право	Москва, 1993.
53.	Венгеров А.Б. Теория государства и права. - 8-е изд., стер.	Москва: Омега - Л, 2011.
54.	Власенко Н.А. Язык права.	Иркутск, 1997.
55.	Гаврилов О.А. Стратегия правотворчества и социального прогнозирования	Москва, 1993.
56.	Габитов Г.Х. Философия права: учебное пособие для юрид. вузов/ Г. Х. Габитов.	Алматы: NURPRESS, 2010.

57.	Давид Р. Основные правовые системы современности	Москва: Прогресс, 2008
58.	Денисов Ю.А. Общая теория правонарушения и ответственности (социологический и юридический аспекты).	Л., 1985.
59.	Журсимбаев С. Права человека в международно-правовых актах и Конституции Казахстана	Астана, 2008.
60.	Завадская Л. Н. Механизм реализации права.	М., 1992.
61.	Зивс С. Л. Источники права	М., 1981.
62.	Зиманов С.З. Древний мир права казахов	Алматы: Жеті Жарғы, 2001.
63.	Ибраева А.С. Правовая культура Казахстана: проблемы формирования, факторы развития	Алматы, 2004.
64.	Искакова Г.Қ. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы: оқу құралы	Алматы, 2008.
65.	Историческое и логическое в познании государства и права	Л., 1988.
66.	Кашанина Т.В. Происхождение государства и права: современные трактовки и новые подходы.	Москва, 2011.
67.	Кенжалиев З. Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: теориялық мәселелері, тарихи тағылымы	Алматы: Жеті жарғы, 1997.
68.	Керимов Д.А. Культура и техника законотворчества	Москва, 1991.
69.	Керимов Д.А. Методология права: Предмет, функции, проблемы философии права.	Москва, 2000
70.	Комаров С.А., Малько А.В. Теория государства и права	Москва, 2011
71.	«Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдау	Алматы, 2009.
72.	Қазақтың ата заңдары.	Алматы: Жеті Жарғы, 2007
73.	Лейст О. Э. Сущность права. Проблемы теории и философии права	Москва, 2002.
74.	Малиново И.П. Философия правотворчества.	Екатеринбург, 1996.
75.	Малько А. В. Стимулы и ограничения в праве. Теоретико-информационный аспект.	Саратов, 1994.
76.	Марченко М.Н. Теория государства и права. 2-е изд. доп.	Москва, 2011.
77.	Марача В.Г., Матюхин А.А. Гражданское	Алматы, 1999

	общество и государство в Казахстане: основные понятия и особенности становления	
78.	Матюхин А.А. Государство в сфере права.	Алматы, 2000
79.	Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында	Алматы, 2000.
80.	Нәрікбаев М.С. Ақиқаттың ақ жолы	Астана, 2000.
81.	Нормы права. Проблемы теории (под ред. Байтина М.И.)	Саратов, 1987.
82.	Нурпеисов Е.К., Котов А.К. Қазақстан мемлекеті: хан билігінен президенттік республикаға дейін.	Алматы: Жеті жарғы, 2001.
83.	Общая теория государства и права. Академический курс в трех томах. / Т.1. Государство. Т.2. Право. Т.3 Государство, право, общество.	Москва, 2010.
84.	Өзбекұлы С. Абай және адам құқы: ғылыми басылым	Алматы: Жеті жарғы, 1995
85.	Парламент және Қазақстанның заң шығару билігі. (жауапты ред. А.Таранов.)	Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
86.	Радько Т.Н., Толстик В.А. Функции права.	Москва, 1995.
87.	Рахметов С.М., Бапанов Т.А. Қылмыс құрамы	А., 1998.
88.	Рыбаков В.А. Рецепция права: общетеоретические вопросы: монография.	Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2009.
89.	Сартаев С.С. ҚР билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы	Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
90.	Семитко А. П. Развитие правовой культуры как правовой прогресс.	Екатеринбург, 1996.
91.	Современное государство: вопросы теории: монография / А.Д.Керимов.	Москва, 2011.
92.	Социальная структура общества и право: учебное пособие / А.М.Яковлев.	Москва, 2011.
93.	Социальная основания права: монография. / Г.В.Мальцев.	Москва, 2011.
94.	Табанов С.А. Құқықты жүйелендіру	Алматы, 1998.
95.	Табанов С.А. Құқық теориясы мен сот жүйесінің конституциялық негіздері	Алматы, 2001.
96.	Тихонравов Ю. В. Основы философии права.	М., 1997.
97.	Тихомиров Ю.А. Действие закона.	Москва: 1992.
98.	Теория государства и права: Учебник / Под редакцией Ф.М. Раянова.	Уфа, РИЦ БашГУ, 2012.
99.	Формальные источники права: монография / С.А. Дробышевский, Т.Н. Данцева.	Москва, 2011
100	Хабибуллин А.Г. Научные основы типологии государства: вопросы теории и практики	Москва, 1997.

101	Человек, право, цивилизация: ценностно-нормативное измерение: монография / Е.А.Лукашева	Москва, 2011.
102	Черданцев А. Ф. Логико-языковые феномены в праве, юридической науке и практике	Екатеринбург, 1993.
103	Энгельс Ф. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы.	Алматы, 1982
104	Юридическая техника: учебник./ Т.В.Кашанина. 2-е изд	Москва, 2011.
105	Юридическая техника в сфере частного права / корпоративное и договорное нормотворчество: учебное пособие. Т.В.Кашанина.	Москва, 2009.
4. Мерзімді басылымдар:		
106	Алауханов Е. Қылмыс құрамы	// Заң. - 2007. - №2.
107	Абдрахимова Л. Д. Нормативно-правовой акт в системе действующего права // Материалы Республиканской научно-практ. конф. «Правовая система РК: проблемы и перспективы»	Караганда. - 2009. - С. 209-214.
108	Ахметова Н.С. Кордас И.А. Формы систематизации законодательства // Вестник КарГУ. - Серия право	Караганда. -2011. - №2 (62). - С.27-33.
109	Ахметова Н.С. Галы Ж.О., Абдраимова Д.С.Мұсылмандық-құқықтық мәдениеттің Қазақстандағы болашағы // Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане. Сборник научных трудов.	Караганда: ЖШС «Гласир», 2011.- С.21-25.
110	Байжанова Г.Т., Шапахқызы У. Құқықтүсінушіліктің негізгі типтері // ҚР мемлекеттік-құқықтық жүйені дамытудың болашақ көріністері	Қарағанды, 2004. . – Б.166-171.
111	Байжанова К.Т., Турдыгулова Г.Д. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптастырудың кейбір мәселелері //Қазіргі Қазақстандағы құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам институттарының дамуы: Ғылыми еңбектер жинағы	Қарағанды: ЖШС «ГЛАСИР», 2010. - Б.92-97.
112	Байжанова Г.Т. Алтаева М.У.Мемлекеттің пайда болуының шығыстық жолы // Егеменді Қазақстанда құқықтық және саяси жүйенің дамуы: Ғылыми еңбектер жинағы.	Қарағанды: ҚарМУ, 2011. - Б.72-78.
113	Бирманова А.И. Қазақстан Республикасындағы алқа билер сотын құрудың құқықтық және	Қарағанды -Құқық сериясы, 2011. -

	элеуметтік мәселелері. // Қарағанды университетінің хабаршысы.	№2(62).-Б.48-54.
114	Грибанов Д. В. Теоретико-правовое осмысление инновационного развития общества / Д. В. Грибанов	Государство и право 2011. - №5. - С. 104-107.
115	Дауленов М. Президент Республики Казахстан как субъект права законодательной инициативы в свете доктрины и практики зарубежных стран / М. Дауленов //	Заңгер. -2009. - №5. - С. 37-42.
116	Джамалдинов С.А. Совершенствование механизма принятия и официального обнародования актов в рамках нормотворческой деятельности СНГ / С. А. Джамалдинов	Заңгер. - 2009. - №12. - С. 52-55.
117	Джоусе-Иванина М. К вопросу о классификации нормативно-правовых актов / М. Джоусе-Иванина	Вестник МГУ: Серия 11.Право. - 2010. №2. - С. 86-97
118	Жанузакова Л. Т. Влияние норм международного права на национальное конституционное законодательство в области личных (гражданских) прав и свобод человека и гражданина: опыт Казахстана и других стран Центральной Азии / Л. Т. Жанузакова	ҚР ҰҒА хабарлары=Известия НАН РК: Серия общественных наук. - 2009. - №4
119	Жуков В. Н. Философское познание государства и права / В. Н. Жуков	Государство и право. 2010. №6. С. 31-40.
120	Ибраева А.С. Құқықтық мемлекеттегі адамның құқықтары мен бостандықтарының абсолюттігі	Тураби. - 2004. - №6. – Б.17-22.
121	Какимова М.Ш. Рахманкулова Д.Д.Понятие правовой системы Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане: Сборник научных трудов.	Қарағанда: ЖШС «ГЛАСИР», 2011.- С.14-21.
122	Кемалов М. Конституциялық Кеңес: мәртебесі мен күзіреті	Заң. - 2009. - №6.
123	Книпер, Р. Интерпретация, аналогия и развитие права: деликатное разграничение судебной и законодательной властей	Юрист. - 2009. - №7. - С. 27-31.
124	Кожаметов Г.З. Шамиев Н.С. Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане: Сборник научных трудов.	Қарағанда, 2011.
125	Кошиков А.Б. Мемлекетті тектендіру.	Қарағанды. - 2000.
126	Қалиев Н. Қазақстанның партиялық жүйесі: қазіргі ақуал және даму келешегі	Саясат. - 2002. - №11.

127	Қыдырәлі Қ. Қазақстан оппозициясы: кеше және бүгін	Ақиқат. - 2000. - №3.
128	Малько А. В. О роли сравнительного правоведения в современной правовой жизни / А. В. Малько, А. Ю. Саломатин	Правоведение. - 2009. - № 2. - С. 125-133
129	Мақұлбеков Б. Жергілікті мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері	Ақиқат. - 2001. - №3.
130	Мень И. В. О соотношении правового и социального механизмов в государстве / И. В. Мень	Государство и право. - 2010. - №12. - С. 78-81.
131	Мемлекеттік қызмет туралы.	Алматы, 2003.
132	Наймантаев С. Мемлекеттік басқарудың кейбір өзекті мәселелері	Заң. - 2000. - №5-6.
133	Нұсқабаев О., Әлиев Д. Құқық социологиясы: мәні, құрылымы және қызметі	Заң. - 2009. - №8.
134	Нукенов А.Н. Билікті бөліну теориясы: қазақстандық тәжірибе мәселелері	Саясат. - 2007. - №6.
135	Орақбаев Б. Толағай тарихтың жүгін көтерген желтоқсан оқиғасы	Заң және заман. – 2011. - №08 (128) . – Б.48-52
136	Пишулин А.В. Современный юридический позитивизм в англосаксонской правовой семье	Вестник Московского Университета - Серия 11. Право. - 2010. - №4.
137	Ралько В.В. Трансформация правовых систем: основные научные подходы, перспективы процесса	Государство и право. - 2010. - №1. - С. 111-115
138	Сапарғалиев Г. С. О предмете теории права / Г. С. Сапарғалиев, Е. З. Бекбаев	ҚР ҰҒА хабарлары =Известия НАН РК: Серия общественных наук. - 2009. - №4. - С. 3-9
139	Сапарғалиев Г. С. Концепция правовой политики на 2010-2020 годы и проблемы законотворчества в Республике Казахстан / Г. С. Сапарғалиев	ҚР ҰҒА хабары Известия НАН РК: Серия общественных наук. - 2009. - №6. - С. 3-8
140	Сартаев С.С. ҚР билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы	Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
141	Сейтасқаров М.А. Қазақстанда саяси жүйенің	Правоведение. -

	жаңғыруы жағдайындағы саяси әлеуметтену ерекшеліктері. - Алматы, 2000. Суслопарова Ю. В. Английские юристы XIII-XVIII вв. о природе английского права [Текст] / Ю. В. Суслопарова	2009. - № 2. - С. 173-181
142	Укин С. К вопросу о соотношении системы права и системы законодательства Республики Казахстан / С. Укин	Тураби. - 2008. - №1. - С. 53-55 б.
143	Шаймердинов Е. Постфундаментальные догматы концепции правового государства / Е. Шаймердинов	Юрист. - 2008. - № 10. -С.74-84.
144	Шамаева Н. «Медиация туралы» заң қолданыста	Заң және заман. – 2011. - №08 (128) . – Б.68-71
145	Шәкірова А.Б. Қазақстандағы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзара байланысы	ҚарМУ хабаршысы: Тарих, философия, құқық сериясы. - 2006. – №4. 113-118.
146	Юсупов Р. Конституциямыз озық нормалар мен қағидалардан тұрады	Заң және заман. – 2011. - №08 (128) . – Б.12-15
5. Электронды қайнар көздер:		
147	Актуальные проблемы теории государства и права. 2-е издание. Электрон. учеб. пособие	CD/pdf.2011.
148	Булгакова Д. А. ҚР мемлекет және құқық теориясы [Электронды ресурс] : әдістемелік құрал / Булгакова, Д.А. - Электронды мәтіндік ақпарат. (895Кб).	Алматы : Данекер, Б. г. - 60 с. - Б. ц.
149	Мемлекет және құқық теориясы [Электронный ресурс]: оқулық / Қ. Д. Жоламан. - Электронды мәтіндік ақпарат.(29.1Мб).	Алматы : Нұр-Пресс, 2005.
150	Марченко М. Н. Теория государства и права в вопросах и ответах : курс лекций: аудио-книга mp3 / М. Н. Марченко. - М. : КНОРУС, 2010.	1 эл. опт. диск (CD-DA)
151	«Мемлекет және құқық теориясы мәселелері» пәні бойынша электронды лекциялар жинағы. Байжанова Г.Т.	Қарағанды: ҚарМУ, 2010.
152	«Мемлекет және құқық теориясы» пәнінің жұмыстық оқу бағдарламасы" [Электронды ресурс] / Байжанова Г.Т. - Электронды мәтіндік ақпарат. (147Кб)	Қарағанды: ҚарМУ, 2010
153	Основы государства и права [Электронный	Электрон. дан.; 684

	ресурс]: электронный учебник / под ред. А. В. Малько.	Мб. - М. : КНОРУС, 2010. (CD-ROM) :
154	Теория государства и права [Электронный ресурс]: электронный учебник / под ред. А. В. Малько.	Электрон. дан. (695 Мб). - М. : КНОРУС, 2010. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM)
155	Турлаев А. В. Курс лекций по дисциплине "Теория государства и права"	Карагандинский гос.ун-т. - Электрон. текстовые дан.(216Кб). - Караганда : [б. и.], 2010. -
6. Интернет-қайнар көздер:		
156	www.akorda.kz	
157	www.zakon.kz	
158	www.alleng.ru/d/jur/jur752.htm Cached	
159	www.twirpx.com/file/627801/ Cached	
160	www.gubkin.ru/faculty/.../subject2.php Cached	
161	www.jur.tstu.ru/education/elib/pdf/2008/kosov	
162	uristlib.ru > Учебная литератураCached - Similar	
163	referat.ru/referats/view/26879	
164	vse-uchebniki.com/.../problemyi-teorii-gosudarstv..	
165	www.gumer.info/bibliotek_Buks/.../index.php	
166	www.kursach.com	
167	http://www.parlam.kz/	
168	http://www.procuror.kz/	

3.8. «Құқық және мемлекет теориясы: қалыптасуы және қазіргі даму үрдісі» пәні бойынша тақырыптық жоспар

№	Тақырып атауы	Барлығы	Дәріс	Семинар	ДӨӨЖ	ДӨЖ
1	Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселенің көпқырлы кезеңдері	18	3	3	6	6
2	Қоғамның саяси жүйесінің даму генезисі	18	3	3	6	6

3	Мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік мәселелері.	18	3	3	6	6
4	Құқық нысаны (қайнар көздері) және құқықтық отбасын топтастыру мәселелері	24	4	4	8	8
5	Құқықшығармашылық үрдісі және заңды техника.	12	2	2	4	4
	Барлығы	90	15	15	30	30

3.9. Сабақ жоспарлары

1-тақырып. Мемлекеттің пайда болу туралы мәселеге көзқарастардың әрқилылығы

Дәріс жоспары (3 сағат)

1. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларына сипаттама.
2. Мемлекет типологиясына негізгі көзқарастар

Дәріс тезісі:

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикасы ортақ меншікке негізделген және онда екі түрлі қағида жүзеге асырылған: 1) рецепроттылық - барлық табылған өнім ортаға жинақталған, 2) редистрибуция – ортақ табыс барлығына бірдей тең негізде бөлінген.

Алғашқы қауымдық құрылыстың әлеуметтік негізі – ру, яғни туыстық байланыстардың дәнекер болуына және шаруашылықты бірлесіп жүргізуіне негізделген адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі болды. тайпа көсемін сайлаған. Бұлардың билігі әлеуметтік биліктің негізін құраған. Оның негізгі белгілері: а) әлеуметтік билік тек ру шеңберінде таралып, оның еркін білдіреді және қандас туыстыққа негізделеді; ә) ол тікелей қоғамдық болып, алғашқы қауымдық демократия, өзін-өзі басқару бастамасында құрылады; б) алғашқы қауымдық қоғамның барлық маңызды мәселелерін шешу кезінде билік органдары ретінде ру жиналыстары, көсемдер және әскери басшылар танылады.

Әлеуметтік нормалар - адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршіліктерін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, әлеуметтік-экономикалық негізде айқындалған, сана-сезім еркімен қалыптастырылған адамдардың мінез-құлық ережесі. Мемлекет пайда болғанға дейінгі кезеңде өмір сүрген нормалардың белгілері: а) алғашқы қауымдық қоғамдағы қатынастар - әдет -ғұрыптармен, яғни тарихи қалыптасқан, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп, дәстүрге айналған әрекет тәртібі нормаларымен реттеліп отырған; ә) жазбаша түрде бекітілмесе де, адамдар әрекеті мен санасында өмір сүрген; б) негізінен дәстүрге айналу күшімен, сондай-ақ сендіру және мәжбүрлеу (рудан аластау) шараларымен қамтамасыз етіліп отырған; в) барлық ру және тайпа мүшелерінің мүдделерін білдірген.

Мемлекет ерте таптық қоғамның саяси, құрылымдық, аумақтық ұйымы ретінде. Мемлекеттің әлеуметтік маңызындағы дуализм: мемлекет қоғамды басқару құралы және таптық қайшылықтарды шешу құралы ретінде.

Қандай да болмасын қоғамның өмір сүруінің басты шарты оның мүшелерінің арасындағы қатынастарды реттеу қажеттілігі болып табылады. Әлеуметтік реттеу екі нысанда кездеседі: нормативті реттеу және жеке реттеу. өзара тығыз байланысты әлеуметтік реттеу нысандары адамзат дамуының ежелгі кезеңдерінен бастау алады. Алғашқы қауымдық құрылыста қоғамдық қатынастарды реттеуші басты құрал әдет-ғұрып болса, мемлекеттік құрылымға ауысқан кезеңде бұл қызметті құқық нормалары атқара бастайды. Мемлекет пен құқық егіз ұғымдар. Олардың жеке дара әрекет етіп, қолданылуы мүмкін емес. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы қатар жүретін құбылыстар. Құқықтың пайда болуының екі түрлі жолы танылады:

1. Алғашқы қауымдық құрылыстағы әлеуметтік нормалар мәжбүр ету күшімен толықтырылып, құқықтық сипат алады.

2. Құқық мемлекеттік органдардың құқықшығармашылық әрекетінің нәтижесінде пайда болады.

Құқық – мемлекетпен бекітілген және оның мәжбүр ету күшімен қамтамасыз етілетін, аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, үстем таптың еркін білдіретін, ресми құжаттарда анықталған, жалпыға бірдей міндетті нормалар жиынтығы. Құқықты алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік нормалардан ажырататын мынандай белгілері болды: - әлеуметтік нормалар барлық қоғам мүшелерінің еркін білдірсе, құқық сол қоғамдағы экономикалық немесе саяси үстем таптың еркін білдіреді; - әлеуметтік нормалар саналы түрде өз қажетіне сәйкес орындалатын болса, құқық нормалары мәжбүр ету күшімен қамтамасыз етілді; - олар жалпыға бірдей міндетті болады; - құқық мемлекетпен тағайындалады және бекітіледі. Яғни, мемлекеттік аппарат нормативті актілер қабылдайды немесе әлеуметтік норманың міндеттілік күшін таниды.

Мемлекеттің шығуының негізгі теориялары: материалистік теория, табиғи-құқықтық теория, органикалық теория, күш көрсету теориясы,

психологиялық теория, діни, технократиялық, патриархалды, келісімдік және өзгелер.

Мемлекеттің шығу нысандары: шығыстық, афиндік, римдік, германдық және өзгелер. Әр түрлі халықтарда мемлекеттіліктің дамуының әртүрлілігі.

Мемлекет типологиясы – сан алуан мемлекеттердің өздеріне тиісті тұтастай алынған маңызды қасиеттері мен жақтарының жиынтығы және жалпылама ерекшеліктерінің жүйесі. Қазіргі кезеңде мемлекет типологиясына екі түрлі көзқарас орын алған: өркениеттік және формациялық.

Формациялық көзқараста негізгі өлшем ретінде әлеуметтік-экономикалық белгілер (қоғамдық-экономикалық формация) қолданылады. Аталған көзқарастың өкілдерінің ойынша, қоғамдық дамудың шешуші факторы базис болып табылады, ол қондырмалық құбылыстардың: мемлекет пен құқықтың да типін анықтайды. Мемлекеттің тарихи тектері дегеніміз белгілі бір экономикалық формацияға сәйкес пайда болған, олардың таптық мәнін көрсететін мемлекеттің негізгі қасиеттерінің жиынтығы. Экономикалық базис типіне сай мемлекеттер: құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, социалистік (соңғы кездері бұларға азиаттық өндіріс тәсіліне негізделген мемлекеттер мен прафеодализм қосыла қарастырылуда) болып бөлінеді.

Өркениеттік көзқарас бойынша жіктеудің негізгі өлшемі ретінде руханилық белгілер - мәдени, діни, ұлттық, психологиялық ерекшеліктер алынады. Қазіргі таңда өркениеттің әртүрлі түсінігі бар екенін ескерсе, осы тұрғыдан мемлекеттерді де сан түрге бөлуге болатынын көреміз. Мысалы, өркениеттік сипатына байланысты шығыстық, батыстық және аралас мемлекеттер болуы мүмкін. Тарихи кезеңдерге байланысты көне, ортағасырлық және қазіргі мемлекеттер деп бөлуге болады. Тарихи және мәдени даму сипатына байланысты шаруалық, өндірістік және ғылыми-техникалық болып бөлінеді. Экономикалық даму деңгейіне байланысты жоғары дамыған, орташа дамыған және дамушы мемлекеттер болып таралады.

Қазіргі кезеңде мемлекет типологиясына қатысты мәселе қарастырылғанда, көпшілік формациялық көзқарасқа жүгінетіндігіне қарамастан, оның да кем соғатын тұстары бар екенін ескеру қажет. Оған алдымен, шығыстық мемлекеттерді типтеу мәселесі жатады. Мемлекет типологиясындағы келелі мәселелердің бірі ретінде «өтпелі» мемлекет түсінігінің де толық бағасын алмағанын атап кетуге болады. Бұндай мемлекеттер жалпы ұлттық мүддені: тәуелсіздік алу, ұлттық экономиканы, мәдениетті көтеру мақсатын көздейтін блоктардың жиынтығы ретінде қалыптасады да, өз мүддесін қанағаттандырғаннан кейін саяси аренадан кетеді.

Құқық типін анықтау қазіргі кезеңде екі түрлі нысанда жүзеге асырылады. Бірінші көзқарас бойынша құқық типі формациялық тұрғыдан анықталады. Оның басты өлшемі ретінде әлеуметтік-экономикалық белгілер алынады. Аталған көзқарас авторларының ойы бойынша базис (өндірістік қатынастардың типі) қоғам дамуының шешуші факторы болып табылады да, тиісінше қондырмалық құбылыстарды – мемлекет пен құқық типін анықтайды.

Экономикалық базис типіне сай құл иеленуші, феодалдық, буржуазиялық және социалистік құқық типтері анықталған. Аталған көзқарастың ұтымды тұстарымен (құқықты әлеуметтік-экономикалық факторлардың негізінде бөлумен) қатар осал тұстары да бар. Ол құқықтың нақты тарихи, ұлттық-мәдени және арнаулы заңдық қасиеттерін ашып көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Екінші көзқарас бойынша құқық нақты географиялық, ұлттық-тарихи, діни, арнаулы заңдық белгілеріне байланысты жіктеледі. Аталған өлшемдерге байланысты құқықтың мынандай типтері анықталған:

1. Ұлттық құқықтық жүйелер. Ол белгілі бір мемлекеттің нақты тарихи құқығының, заңдық тәжірибенің және үстем құқықтық идеологияның жиынтығы.

2. Құқықтық семьялар. Бұл қайнар көздердің, құқық құрылымының және оның қалыптасуының тарихи жолдары ұқсастығы негізінде ерекшеленген құқықтық жүйелердің жиынтығы. Құқықтық семьялардың мынандай түрлері танылған: жалпы құқық, романо-германдық құқық, славяндық құқық, мұсылмандық құқық, индустық құқық және тағы басқалар.

Бұл көзқарастың ұтымды жағы - онда құқықтың ұлттық-тарихи, нақты географиялық және техникалық-заңдық белгілері ажыратылған. Осал тұсы құқық табиғатындағы әлеуметтік-экономикалық факторлардың ролі толық бағаланбаған.

Романо-германдық құқықтық жүйенің ұзақ заңдық тарихы бар. Романо-германдық құқықтық отбасына Италия, Франция, Германия, Швейцария, Ресей, Қазақстан және т.б. құқықтық жүйелері жатады. Құқықтың негізгі қайнар көзі – заң. Романо-германдық құқықтық отбасына кіретін мемлекеттердің барлығында нормалары жоғары заңдық күшке ие жазба конституциялар болады. Романо-германдық заңдық доктринада және практикада заңның үш түрі танылған: кодекстер, арнаулы заңдар (ағымдағы заңнама) және жинақтар. Көптеген континенталды елдерде азаматтық, қылмыстық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу және өзге де кодекстер қолданылады. Ағымдағы заңнама жүйесі де күрделі, заңдар қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын реттейді.

Англосаксондық жалпы құқық өзіндік ерекшелігі бар құқықтық отбасы. Онда заңдық реттеу жалпы айтқанда заңдық практикаға, «сот құқығына», нақтырақ айтсақ, прецеденттерге негізделеді. Прецедент – соттың белгілі бір мәселе бойынша қабылдаған шешімін осыған ұқсас өзге істерді қарағанда міндетті түрде қолдану. Англосаксондық құқықтық отбасында үрдістік-іс жүргізушілік ережелерге басым назар аударылады. Ол заңдық маңызды мәселелерді шешу әдістерінің ашық жүйесін сипаттайды. Англосаксондық құқықтық отбасына Англия, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия тәріздес 36 ұлттық-құқықтық жүйе кіреді.

Социалистік құқықтық отбасы - кезінде идеологиялық белгісі бойынша ажыратылған жүйе. Оған романо-германдық құқықтық отбасының көптеген белгілері тән. Онда құқық нормасы жалпы әрекет тәртібі ретінде қарастырылады, рим құқығынан бастау алатын құқық жүйесі мен заңдық

ғылым терминологиясы сақталады. Континенталды құқыққа ұқсастығымен қатар, социализмнің құқықтық жүйелері таптық сипатымен негізделген мәндік ерекшеліктерге ие. Құқықтың бірден-бір және негізгі қайнар көзі нормативті-құқықтық акт болып табылады. Онда бастапқы кезде еңбекшілер еркі көрініс тапса, кейіннен коммунистік партияның басшылығымен бүкілхалықтық ерік-мүдде көзделген. Социалистік құқықтық жүйеде құқықтың тар ауқымдағы нормативтік түсінігі басымдылыққа ие болды. Жеке құқық танылмады, көпшілік құқығы үстемділікке ие болды. Құқық императивті сипатта бола отырып, мемлекеттік саясатпен тығыз байланыста болды және оның бір аспектісі тәріздес еді. Партиялық билікпен және құқыққорғау органдарының мәжбүр ету күшімен қамтамасыз етілді. Сот тәуелсіздігі және олардың тек заңға бағынуы конституциялық деңгейде бекітілсе де, сот органдары үстем топтың мүддесін қорғау қызметін атқарды. Соттың заң шығару және атқару билігін бақылау мүмкіндігі болмады. КСРО-да заңдардың конституциялығын қадағалау жүзеге асырылмады.

Европа, Азия, Латын Америкасындағы социалистік құқықтық жүйелерге кеңестік құқықтық жүйенің тигізген ықпалы зор болды. Қазіргі Қытай, Куба, Солтүстік Кореяның ұлттық құқықтық жүйелері кеңестік құқықтың түрлері болып табылады. Азия мен Африканың көптеген елдерінің құқықтық жүйелері біркелкі емес. Олардың құқықтың реттеу қабілетіне қатысты көзқарасы екі түрлі:

- құқық құндылығы танылады, бірақ оның түсінігі батыстағыға қарағанда өзгеше, құқық пен діннің ұштасуы орын алады;
- қоғамдық қатынастар құқықтан өзге жолдармен реттелінуге тиісті деп санайды.

Бірінші көзқарастағы мемлекеттерге мұсылман, индуист, иудей құқықтары жатады. Екінші топқа Қиыр Шығыс, Африка және Мадагаскар жатады.

Мұсылман құқығы – исламға негізделген, діни үлгіде көрініс табатын нормалар жиынтығы. Құқық Алланың құдіретімен, Мұхаммед пайғамбар арқылы тараған. Мұсылман құқығының қайнар көзін: 1) құран – исламның қасиетті кітабы; 2) сүннет – Мұхаммед пайғамбардың өсиеттері; 3) иджма – ортақ келісім; 4) қияс - аналогия бойынша талдау құрайды. Мұсылман құқығындағы шариғаттың орны ерекше. Онда мұсылмандардың әрекет тәртібі анықталынады. Шариғат міндеттілік идеясына негізделеді, онда адам құқықтарынан гөрі, міндеттері басым көрініс табады. Мұсылман құқығына кейбір институттарының көнелігі, казуистік және жүйесіздік тән. Дегенмен де, қазіргі кезде де көптеген мемлекеттерде (Иран, Сауд Аравиясы және т.б.) қолданылады.

Индуистік құқық өз қолдаушыларын белгілі бір діни догмаларға сенумен қатар, өзіндік дүниетанымға міндеттейді. Адамдар тумысынан өзіндік құқықтары мен міндеттері болатын әлеуметтік топтарға жіктеледі және олардың арасында сатылық жүйе орнайды. Қоғамның касталық жүйесін ақтау – индуизмнің философиялық, діни және әлеуметтік жүйесін құрайды. Индуистік

құқық Индия, Пакистан, Бирма, Сингапур, Малайзия, Уганда, Кения тәріздес елдерде тұратын қауымдарда қолданылады. Құқықтың негізгі қайнар көзі әдет-ғұрып болып табылады. Үкіметтің заң шығару құқығы болады, бірақ соттар заң болған күннің өзінде, оны қатаң түрде қолдануға міндетті емес. Сот істі әділеттілік пен билікті келістіре отырып шешуге тиісті.

Жалпы, діни-ғұрыптық құқықтық жүйеге мынандай белгілер тән болады: құқық қалыптастырушы – құдай болғандықтан, оның нұсқауларына сену және міндетті түрде орындау қажет; құқық нысаны діни-ғұрыптық нормалар мен құндылықтар болады; құқық жеке және көпшілік құқығына жіктелмейді; нормативті актілер екіншілік сипатта болады; кейбір институттарының көнелігі белгілі.

Әдебиеттер: 1-20; 45; 46; 49; 50; 56; 65; 69; 70; 71; 90; 91; 97; 99;100; 102; 108; 111; 124; 127; 135; 141; 147-155; 156-168

1-тақырып. Мемлекеттің пайда болу туралы мәселеге көзқарастардың әрқилылығы

Семинарлық сабақ жоспары (3 сағат)

1. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларының жетістіктері мен кемшіліктері.

2. Мемлекет типологиясына негізгі көзқарастар.

Тапсырмалар:

Тапсырма: Кесте толтыру

Мемлекеттің пайда болу себептері мен шарттары	
Себептері	Шарттары

Әдістемелік ұсыныс:

Мемлекеттің пайда болуының әлеуметтік-экономикалық теориясының мәні. Аталмыш сұрақты оқып қарастыру бастамасына мемлекеттің шығу тегінің әлеуметтік-экономикалық теориясы негізделетін Ф.Энгельстің “Жанұяның жеке меншік пен мемлекеттің пайда болуы” – атты еңбегін пайдаланған жөн. Жоғарыда көрсетілген еңбектің 5, 6, 8-ші бөлімдерін өз дәптерлеріне қысқаша жазып алуары қажет. Сонымен қатар, мемлекеттің шығу тегінің басқа да теорияларын қарастырып, белгіленген кесте толтырылу керек. Жауаптарын дәлелдеу.

Әдебиеттер: 1-20; 45; 46; 49; 50; 56; 65; 69; 70; 71; 90; 91; 97; 99;100; 102; 108; 111; 124; 127; 135; 141; 147-155; 156-168

**1-тақырып. Мемлекеттің пайда болу туралы
мәселеге көзқарастардың әрқилылығы**

ДООЖ үшін сабақ жоспары (6 сағат)

Тапсырма: Кесте толтыру

Теориялар	Авторлары	Мәні
1. Теологиялық		
2. Патриархалдық		
3. Келісім		
4. Күштеу		
5. Марксистік (әлеуметтік- экономикалық)		
6. Патримониалдық		
7. Психологиялық		
8. Ирригациялық		
9. Органикалық		
10. Инцесттік		
11. Нәсілдік		

ДООЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс: Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Сабаққа дайындалғанда мемлекеттің пайда болу себептері мен шарттарына, ертедегі мемлекет функцияларына аса көңіл бөлген жөн. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларының мәнін ашу қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 45; 46; 49; 50; 56; 65; 69; 70; 71; 90; 91; 97; 99;100; 102; 108; 111; 124; 127; 135; 141; 147-155; 156-168

**1-тақырып. Мемлекеттің пайда болу туралы
мәселеге көзқарастардың әрқилылығы**

ДӨЖ тапсырмалары (6 сағат)

- ◆ 1-сұрақ бойынша классикалық талқылау түрінде жүргізіледі.
- ◆ 2-сұрақ бойынша тапсырмаларды орындау және шешім қабылдау барысында талқылау түрінде жүргізіледі.

Тапсырма: Кесте толтыру

Ертедегі мемлекет функциялары
1.
2.

Өзіндік бақылау сұрақтары

1. Мемлекет пен қоғамның пайда болуы. Мемлекеттің пайда болуы.
2. Неолитикалық революция мәні және салдарлары.
3. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларына сипаттама.
4. Дж. Локка теориясы және Ж.Ж. Руссо «Келісім» теориясы, Маркстік теория, Ирригациялық теория және т.б.
5. Мемлекет типологиясына негізгі көзқарастар.
6. Егеменді мемлекет белгілері.

2-тақырып. Қоғамның саяси жүйе дамуының генезисі

Дәріс жоспары (3 сағат)

1. Қоғамның саяси жүйесі: ұғымы және құрылымы.
2. Саяси ағымдар.
3. Қоғамдық бірлестіктер.

Дәріс тезісі:

Қоғам – мүдделердің өзара сәйкестігі негізінде құрылады, ал олардың орындалуы, жеке адамдардың өзара қарым-қатынастарына байланысты болады. Яғни, бірігіп жұмсаған күштің нәтижесінде, жеке адамның жете алмайтын мақсаттарына жетуге болады. Мысалы, К.Маркс қоғамды «адамдардың қарым-қатынасының жемісі» - деп қысқа анықтаған. Қоғамның мүдде-мақсатының дұрыс жақсы орындалуын қалыптастыратын, **қоғамдық билік** болады. Ал қоғамдық билікті реттеп-басқаратын қоғамның саяси жүйесі. Қоғамдық биліктің түрлері: саяси билік, мемлекеттік билік, ұжымдық билік, ұйымдық билік т.б. ірілі-ұсақты биліктер. Саяси жүйе мемлекетпен бірігіп, қоғамның бағдарламасын, мүдде-мақсатын анықтап, оның бағыттарын, орындау механизмін белгілеп, міндетті нұсқау бұйрықтар беріп, іске асуын бақылап отырады.

Қоғамның саяси жүйесі – бұл белгілі бір саяси функцияларды атқарушы мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік институттардың жүйесі. Мұндай институттардың қатарына қоғамдық өмірдің билікке байланысты саласына қатысушы мемлекет, партиялар, кәсіптік одақтар және басқа да ұйымдар мен қозғалыстар жатады. Саяси жүйе сыртқы және ішкі саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз етеді, әлеуметтік топтардың мүдделерін қалыптастырады, білдіреді және қорғайды. Оның сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталады:

1) Еңбек нәтижелері саналы түрде **мемлекеттік ұйымдасқан адамдардың ерекше тобымен бөлінетін** әлеуметтік орта. Мұндай ортада меншіктің рұқсат берілуі мүмкін, ал, жеке меншік мүлдем болмайды. Мұндай

саяси жүйелерде мемлекеттік билік қоғамның экономикалық өміріне тоталитарлы түрде араласады, мемлекет идеологиясынан өзгеше ойлау басып-жаншылып отырады, мемлекетті идеология, дін, мәдениет, білім, ғылым қалыптасады. Билікке тек бір саяси партия болады.

2) Әлеуметтік ортаның екінші бір түрі **қоғамның экономикалық өмірінің нарықтық-ақшалық негізінде**, еркін кәсіпкерліктің тәжірибесі мен идеологиясына негізделеді. Мұндай саяси жүйелерде мемлекет нарықтық экономика үшін жағдайларды ұйымдастырушы ретінде көрініс табады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді. Мұндай жүйеде партиялар билікті сайлау компанияларына қатысу арқылы жаулап алуға тырысады, құқықтық нысандар саяси мақсаттарға жетудің негізгі құралына айналады.

3) Әлеуметтік ортаны ұйымдастырудың үшінші түрі – **аралас түрі**, ол конвергенция деген атқа ие болды. Конвергенциялық саяси жүйелер бір әлеуметтік ортадан екінші әлеуметтік ортаға өту кезінде пайда болады. Конвергенциялық саяси жүйелерге әртүрлі мақсаттағы және мазмұндағы көптеген саяси институттардың араласуы тән болып келеді.

Саяси жүйелердің түрлері. Саяси жүйелердің пайда болатын **әлеуметтік ортасының** сипатына қарай мынадай саяси жүйе түрлері болады: тоталитарлық, либералдық-демократиялық және аралас жүйелер, ал өзара байланысу сипатына қарай ашық және жабық саяси жүйелер болады.

2. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет орны мен рөлі.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны өте зор, өте жауапты. Мемлекет саяси жүйеге белгілі бір жекелеген органдары арқылы емес, өзіндік бір саяси, аумақтық құрылымдық бөлік ретінде кіреді. Ол өз функцияларын басқа әлеуметтік институттармен, партиялармен, кәсіптік одақтармен, жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып атқарады. Ол саяси жүйеде жетекші рөлді иеленген, себебі:

- а) оның аумақтық шекараларында азаматтық белгісі бойынша біріккен халықтың жалғыз ресми өкілі рөлін атқарады;
- ә) егемендіктің жалғыз иесі болып табылады;
- б) қоғамды басқаруға бағытталған әлеуметтік аппараты болады;
- в) қарулы құрылымдары болады;
- г) құқықшығармашылыққа қатысты монополияға ие;
- д) материалдық құндылықтардың ерекше жиынтығына (мемлекеттік меншік, бюджет, валюта және т.б.) ие.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесіне кіретін барлық ұйымдарды, бірлестіктерді, одақтарды, ұжымдарды біріктіріп, көмек жасап отырады. **Мемлекеттің саяси жүйе бағыттағы жұмыстарының түрлері:**

Мемлекет және саяси партиялар – бұл екеуі бірігіп қоғамды басқарудағы ең шешуші күш. Басқарудың сапалы немесе сапасыз болуы осы екі бірлестіктердің қызметіне байланысты. Сондықтан, олардың іс-әрекеті халықтың, үкіметтің үнемі бақылауында болады.

Мемлекет және қоғамдық, ұйымдар мен бірлестіктер – қазіргі заманда халықтың мүдде-мақсатын орындайтын тек мемлекет пен саяси партияға ғана емес, ол мүдде-мақсаттың басым көпшілігі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қолында. Сондықтан, мемлекет оларға көмек көрсетіп, іс-әрекеттерін, жұмыстарын бақылап отырады.

Мемлекет және еңбек ұжымдары - өндірісте, шаруашылықта мәселенің басым көпшілігі еңбек ұжымдарының құзыретінде: шаруашылықтың нәтижелі жұмыс жасауы, тәртіптің жақсы дәрежеде болуы, адамдардың бірлігі, достығы, мәдени, рухани білімі, денсаулығы және т.б. осы бағытта ұжымның атқаратын қызметінің маңызы, құндылығы ежелеп айтпаса да белгілі. Бұл мәселені ұжым мемлекетпен бірігіп іске асырады.

Мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің қызметі жергілікті басқару мекемелері өзінің әкімшілік-территориясында мемлекеттік билікті жүргізуге құзыреті болады және ол үшін жауапты. Бұл жұмысқа сол территориядағы азаматтар белсенді қатысып, барлық мәселені реттеп-басқаруға міндетті. Жергілікті мемлекеттік басқару органы оларға жан-жақты көмек көрсетуге міндетті. Осы екі орган тығыз байланыста қызмет жасауға тиіс. сонда ғана нәтиже болады.

Мемлекет пен азаматтар – азаматтар мемлекеттің жұмысына тікелей қатысып немесе өздерінің өкілдері арқылы өз ой-пікірлерін білдіріп отыруға құқықтары бар және ақпарат, радио, теледидар да өздерінің тілектерін, талаптарын, сын-пікірлерін айтуға құзыреті бар. Мемлекеттік органдар көмек көрсетіп, толық бостандық беруге міндетті. Егерде бұл іс-әрекет екі жақты сапалы жүргізілсе қоғамға, халыққа тиетін жақсылығы көп болады деуге болады.

Мемлекет пен дін. Мемлекеттің дінмен қарым-қатынасына сәйкес үш түрлі мемлекеттер болады: **зайырлы, теократиялық, клерикалдық:**

- **зайырлы** мемлекеттің дінмен тікелей байланысы болмайды, олар бір-бірінің жұмысына тікелей қатынаса алмайды, жай байланыс жасауға болады. Оның бағыттары – демократияны, бостандықты, әділдікті, теңдікті дамыту, халықтың мәдени, рухани білімін көтеру, жастарды инабаттылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттарды бірлікке, достыққа тәрбиелеу т.б.

- **теократиялық** – мемлекетті басқару церковь құзыретінде 1921ж. дейін Монғолия осындай мемлекетке жатты. Қазір – Ватикан осы жүйедегі мемлекет.

- **клерикалдық** - мемлекет зайырлы және теократиялық мемлекеттерінің ортасындағы мемлекет. Олар мемлекетпен бірікпейді, бірақ заң шығару процесіне қатысты мемлекеттің саясатына ықпал жасайды. Бұл мемлекеттерге жататындар: Ұлыбритания, Дания, Норвегия, Швеция, Израиль, Италия және 20 шақты ислам мемлекеттері.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 35-38; 40; 43; 82; 123; 125-126; 140; 147-155; 156-168

2-тақырып. Қоғамның саяси жүйе дамуының генезисі

Семинарлық сабақ жоспары (3 сағат)

1. Қоғамның саяси жүйесі: ұғымы және құрылымы.
2. Саяси ағымдар.
3. Қоғамдық бірлестіктер.

Тапсырма 1. Қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементтері ретінде мемлекеттің рөлін дәлелдеңіз.

Тапсырма 2. Саяси ағымдар: демократия, либерализм, консерватизм, революцияшыл, радикалистік, солшылдар, оңшылдар және т.б. Қоғамдық ұйымдар, қорлар және қозғалыстар.

Тапсырма 3. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет, оның басқа қоғамның саяси жүйе субъектілерінен айырмашылығы.

Әдістемелік ұсыныс: Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Қоғамның саяси жүйе ұғымы. Қоғамның саяси жүйе элементтері. Қоғамның саяси жүйесінің моделдері: командалық, жарыспалы және әлеумет қолдану. Қоғамның саяси жүйесінің негізгі субъектілері: саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, жергілікті мемлекеттік және азаматтық басқарулар. Саяси ағымдар: демократия, либерализм, консерватизм, революцияшыл, радикалистік, солшылдар, оңшылдар және т.б. Қоғамдық ұйымдар, қорлар және қозғалыстар. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет, оның басқа қоғамның саяси жүйе субъектілерінен айырмашылығы.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 35-38; 40; 43; 82; 123; 125-126; 140; 147-155; 156-168

2-тақырып. Қоғамның саяси жүйе дамуының генезисі

ДОӨЖ үшін сабақ жоспары (6 сағат)

Тапсырма: Кесте толтыру

№ 1

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің орнын айқындайтын факторлар	
Фактор	Оның мәні мен маңызы

№ 2

Саяси ағымдар	Сипаттамалар
1. Демократия	
2. Либерализм	
3. Консерватизм	
4. Реакцияшыл	
5. Революцияшыл	

6. Радикалдық	
7. Реформистік	
8. Центристік	
9. Ұлттық	

ДООЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс:

Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Өртүрлі авторлардың пікірлерімен таныса отырып, ортақ негзге келу арқылы, әр саяси ағымның сипаттамасын беру қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 35-38; 40; 43; 82; 123; 125-126; 140; 147-155; 156-168

2-тақырып. Қоғамның саяси жүйе дамуының генезисі

ДӨЖ тапсырмалары (6 сағат)

1. Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2. Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру.
3. Тақырыпқа ұсынылған тапсырмаларды орындау.

Тапсырма: кесте толтыру

Қоғамның саяси жүйесінің функциялары
1.
2.

Өзіндік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қоғамның саяси жүйесі дегеніміз не? Қоғамның саяси жүйесіне мемлекет кіреді ме?
2. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің рөлі қандай?
3. Қоғамның саяси жүйесіндегі әлеуметтік-нормативтік негіздер мәні мен мазмұны?
4. Саяси ағымдар.

3-тақырып. Мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік проблемалары

Дәріс жоспары (3 сағат)

1. Басқару нысаны. Монтескье және Лок теориясы.
2. Мемлекеттік құрылым нысаны.
3. Мемлекеттік (саяси) режим.

Дәріс тезісі:

Мемлекет нысаны түсінігі мемлекеттану сипаттарының ішіндегі негізгілерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекет нысаны ретінде мемлекеттік билік пен оның құрылымдарының ұйымдастырылуы түсіндіріледі. Мемлекет нысаны мемлекет мазмұнымен тығыз байланыста сипатталады. Егер мемлекет мазмұны мемлекеттік билікті кімнің жүзеге асырып жатқанына жауап берсе, ал мемлекет нысаны мемлекетте билік қалай ұйымдастырылып, қандай органдармен жүзеге асырылады, олардың құрылу тәртібі және өкілеттік мерзімдері жайында, сондай-ақ жалпы мемлекеттік биліктің жүзеге асырылу тәсілдері туралы сұрақтарды қарастырады. Мемлекет нысаны – басқару нысанынан, мемлекеттік құрылым нысанынан және саяси режимнен құралатын мемлекеттің ерекшелігі.

Мемлекет нысаны мемлекеттік биліктің құрылымы мәндік жағынан әртүрлі сипаттармен анықталады: – мемлекеттік билік пен басқару органдарының құрылу және ұйымдастырылу тәртібі; – мемлекеттің аумақтық құрылымының тәртібі, орталық, аймақтық және жергілікті биліктің өзара қатынасының белгілі тәртібі; – мемлекеттік билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Сонымен, мемлекет нысаны үш негізгі элементтен құралады:- басқару нысаны; - мемлекеттік құрылым нысаны; - саяси режим. Басқару нысаны – жоғарғы мемлекеттік билікті ұйымдастыру, оның жоғарғы және орталық органдардың ерекшеліктері, олардың құрылымы, құзіреті, ұйымдастырылу тәртібі, өкілеттілігінің деңгейі, халықпен өзара қатынасы және олардың оны қалыптастыруға қатысу дәрежесі. Жоғарғы мемлекеттік билікті жүзеге асыру бір адаммен немесе сайланбалы алқалы органмен жүзеге асырылатындығына байланысты мемлекетті басқару монархия және республика деп ажыратылады.

Монархия – жоғарғы мемлекеттік биліктің бір әулетке мұрагерлік жолымен немесе өмір бақиға сайланып берілуін білдіретін басқару нысанының бір түрі. Оның мынандай белгілері бар: - жоғарғы билік мұрагерлік жолмен беріледі; - шексіз мерзімде жүзеге асырылады; - сайлаушылар еркінен тыс жүзеге асырылады.

Монархия екіге бөлінеді: абсолютті монархия (Сауд Аравиясы, Бруней) және конституциялық монархия. Конституциялық монархия екіге бөлінеді: дуалистік монархия және парламенттік монархия.

Республика – басқару органдары белгілі бір мерзімге сайланатын, шешім алқалы түрде қабылданатын басқару нысанының бір түрі. Онда биліктің жалғыз қайнар көзі халық болып табылады. Жалпы белгілері: - бір немесе алқалы түрдегі мемлекет басшысының болуы; - мемлекет басшысы және басқа да жоғарғы мемлекеттік билік органдарының белгілі мерзімге сайланатындығы; - мемлекет басшысының заңмен қарастырылған жағдайлардағы заңдық жауапкершілігі; - жоғарғы мемлекеттік билік шешімдерінің барлық басқа мемлекеттік органдарға міндеттілігі; - мемлекет азаматтары мүдделерінің

басым түрде қорғалуы, тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығы. Республиканың екі негізгі түрі бар: парламенттік республика және президенттік республика. Мемлекеттік құрылым нысаны – тұтастай мемлекет пен оның бөлшектерінің белгілі түрдегі құқықтық қатынастарын сипаттайтын мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы. Мемлекет пен құқық теориясы мемлекеттің аумақтық құрылымының бірнеше түрін көрсетеді: - біртұтас мемлекет; - федерация; - конфедерация.

Мемлекет нысанының соңғы элементі – саяси режим. Ол басқару және мемлекеттік құрылым нысандары сияқты мемлекеттің мәндік-мазмұндық жағы көрінетін, мемлекет құрылымын және оның басқа да сыртқы жағын сипаттайтын жиынтық түсінік ретіндегі мемлекет нысанының бір компоненті болып табылады. Мемлекеттің билік ету әдістерін зерттей отырып, жеке тұлғаның нақты мәртебесі туралы және мемлекеттегі басқа субъектілердің қарым-қатынасы, олардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдік және қамтамасыз етілушілік деңгейі туралы түсінік алуымызға болады.

Тар ауқымдағы анықтамасы: мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы, оның мазмұндық қасиеті. Кең ауқымдағы анықтамасы: демократиялық, құқықтық мемлекетте жеке тұлғаның саяси бостандықтарының кепілдік дәрежесі, ресми конституциялық және құқықтық үлгілерінің саяси жағдайларға сәйкес келу дәрежесі, билік органдарының мемлекет және қоғамдық өмірдің құқықтық негіздеріне қатынасының сипаты. Саяси режим демократиялық және демократияға қарсы болып екі түрге бөлінеді. Демократиялық режим – халықтың басқаруға қатысуына, барлық адамдардың теңдігі мен бостандығы қағидасын тануға негізделген либералдық режимнің бір түрі. Демократияға қарсы режим авторитарлық және тоталитарлық режимдерге бөлінеді. Авторитарлық режим – халықтың аздаған мөлшерде қатысуымен бір адамның бақылаусыз толық билік жүргізуін білдіретін қоғамның мемлекеттік-саяси құрылымы.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 147-155; 156-168

3-тақырып. Мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік проблемалары

Семинарлық сабақ жоспары (3 сағат)

1. Басқару нысаны. Монтескье және Лок теориясы.
2. Мемлекеттік құрылым нысаны.
3. Мемлекеттік (саяси) режим.

Тапсырма: кесте толтыру

№1

Мемлекет нысаны элементтері		
Басқару нысаны	Мемлекеттік құрылым нысаны	Мемлекеттік (саяси) режим

Басқару нысаны	
Монархия	Республика

Әдістемелік ұсыныс: Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Мемлекет нысаны ұғымы мәселелері. Монархия және республика. Республикалық теориялық және Семинарлық топтастыру проблемалары. Монтескье және Локк теориясы. Президенттік республика, парламенттік республика, аралас республика және «суперпрезиденттік республика», топтастырудың негізгі өлшемдері. Қазіргі мемлекеттік құрылым нысаны. Мемлекет нысанының негізгі бөлігі ретінде мемлекеттік (саяси) режим. Аталған мәселелер бойынша қазіргі ғылыми әдебиеттерге көзқарастар келтіру.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 147-155; 156-168

3-тақырып. Мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік проблемалары

ДООЖ үшін сабақ жоспары (6 сағат)

Тапсырма: Кесте толтыру

Мемлекет нысаны											
Басқару нысаны							Мемлекеттік-құрылым нысаны			Мемлекеттік саяси режим	
Монархия			Республика				Фе дер аци я	Кон фед раци я	Ун ита рл ы	Демо крати ялық	Антиде мократ иялық
Абс оло ттік	Ду али сті к (ше к)	Конст итуци ялық (шект еул)	Пар ламе нтті к	През иден ттік	А ра ла с	Супер презид енттік					

ДООЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс:

Дәріс және Семинарлық сабақта жинаған білімдерін қорытындылай келе, жоғарыда көрсетілген кестені толтыру қажет. Яғни әр тармақ бойынша сәйкесінше мемлекет атауын жазу қажет.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 147-155; 156-168

3-тақырып. Мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік проблемалары

ДӨЖ тапсырмалары (6 сағат)

1. Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2. Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру.
3. Тақырыпқа ұсынылған тапсырмаларды орындау.

Тапсырма: Кесте толтыру

№3

Мемлекеттік құрылым нысаны	
Біртұтас	Күрделі

№ 4

Мемлекеттік (саяси) режим	
Демократиялық	Антидемократиялық

Өзіндік бақылау сұрақтары

1. Мемлекет нысанының элементтеріне сипаттама беріңіз?
2. Мемлекет нысанын топтастырудың проблемалы сәттерін атаңыз?
3. Президенттік және аралас республикаларды топтастыру мәселелерінің қазіргі проблемаларын атаңыз?
4. Унитарлық және федеративтік мемлекет мәнін ашыңыз.
5. Антидемократиялық саяси режимге сипаттама беріңіз?
6. Тоталитарлық режимнен авторитарлық саяси режимнің айырмашылықтарын атаңыз?

4-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері) және құқықтық отбасын топтастыру мәселелері

Дәріс жоспары (4 сағат)

1. Құқық мәні.
2. Құқықтың пайда болуының негізгі теориялары.
3. Құқықтық отбасы.
4. Құқық (қайнар көздері) нысаны.
5. Бірқатар мемлекеттердің құқық жүйесін топтастырудың теориялық проблемалары.

Дәріс тезісі:

Құқықтың түсінігі және мәні. Құқық көп жақты, күрделі құбылыс. Сондықтан оған берілетін анықтамалар да сан қырлы. Құқық (жалпы әлеуметтік мағынада) тиісті мүмкіндіктердің заңда көрсетілген, көрсетілмегендігіне қарамастан адамгершілік, әдег-ғұрып тұрғысынан әрекеттің негізделуі мен еркіндік ретінде танылады. Құқықтың функционалдық анықтамасы – қазіргі кездегі экономикамен негізделген халықтың, көпшіліктің еркін білдіретін, нормативті анықталған және бұзылудан тәрбиелеу, сендіру және қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүр ету шараларымен қорғалатын, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқаратын, құқықтық демократиялық мемлекет қалыптастыру мақсатында қоғамдық келісім құралы болатын нормалар жүйесі ретінде көрсетеді.

Құқыққа мынандай белгілер тән: - еріктілік сипаты болады; - жалпыға бірдей міндеттілік күші танылған; - нормативтілік; - мемлекетпен қалыптастырылады және қорғалады; - жүйелілік; - қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқарады.

«Құқық» термині екі мағынада: объективтік және субъективтік болып қолданылады, бірақ қай қайсысының да мағынасы толық ашылмаған. Бірінші мағынасында «құқық дегеніміз өмірдің заңдық тәртібі, мемлекетпен қорғалатын барлық құқықтық ережелердің жиынтығы», ал екінші жағдайда – құқық дегеніміз «жеке тұлғаның нақты құқық өкілдігіндегі абстрактылы ереженің нақты көрініс табуы».

Құқық философия мен теория категориясы ретінде шынайы мазмұнды құрай отырып, инструменталдық роль атқарады. Құқық түсінігіне, шығу жолына, мәні мен мағынасына қатысты ғылымда сан алуан көзқарастардың болуы мүмкін. Бірақ құқықты өмірде қолдануға келгенде міндетті түрде біркелкі ойдың, көзқарастың тұрғысынан табылу керек. Егер құқық әртүрлі мағынада ұғынылатын болса, онда ол өзінің құндылығын, қоғамдық қатынастарды тұрақтандыру мен ретке келтірудегі ролін жоғалтушы еді. Құқық түсінудегі анықталғандық - қоғамдық қатынастардың анықталғандығы мен тәртібінің бастауы.

Құқыққа деген әртүрлі көзқарастар қоғамды демократияландырумен ұштасады, пікір плюрализміне сәйкес келеді. Субъективті, объективті факторлармен қатар, көзқарастардың көптігіне гносеологиялық та себеп бар. Таным барысында құбылыстың бір ғана жағына еліктеу, оны жоғары санап, өзгелерін жоққа шығару мүмкіндігі бар. Міне, осыдан құқықтың әртүрлі

анықтамалары туындайды. Егер бір жақты анықтама өзгелерін алмастыруды мұрат тұтпаса, жалғыз дұрыс деген атауға ұмтылмаса, онда одан келетін еш жамандық жоқ. Құқықты терең түсіну үшін, егер ол шындыққа сәйкес келетін болса, кез-келген анықтама пайдалы. Ал, практикалық қолдану үшін құқықтың тұтас түсінігі болуы қажет.

Құқық мәнін анықтау барысында екі түрлі көзқарасты ескеру қажет. 1. Таптық көзқарас, онда құқық экономикалық үстем таптың заңдастырылған еркін білдіретін, мемлекетпен кепілдендірілген нормалар жүйесі ролін атқарады. 2. Жалпы әлеуметтік көзқарас бойынша құқық қоғамның әр түрлі топтарының арасындағы келістіруші ролін атқарады. Дегенмен де, құқық түсінігі тәріздес, оның мәнінің де жан-жақты көп қырлы екендігін естен шығармауымыз қажет. Осы тұрғыдан құқықтың діни, ұлттық, нәсілдік және тағы да басқа мәні болатындығын атап өту қажет. Құқық мәнін анықтайтын нормативистік, табиғи-құқықтық, тарихи-материалистік, әлеуметтік теориялар.

Құқық түсінушіліктің негізгі типтеріне мыналарды жатқызады: нормативистік; әлеуметтік юриспруденция; табиғи құқық теориясы; философиялық құқық түсінушілік.

Құқық – қоғамның мемлекеттік еркін, оның жалпыадамзаттық және таптық сипатын көрсететін жалпыға міндетті, формальды-анықталған нормалар жүйесі; мемлекетпен шығарылады немесе санкцияландырылады және бұзылудан мемлекеттік мәжбүр ету мүмкіндігімен қорғалады; қоғамдық қатынастарды өкімдік-ресми реттеуші болады (Байтин М.И.).

Құқық көмегімен құндылық тағайындалымдар анықталынатын және бекітілетін, белгілі бір социумның өкілдерімен жалпы маңызды ретінде танылған және заңдық кепілдіктер жүйесі мен заңдық жауапкершілік шараларымен қамтамасыз етілген біртектестендірілген әрекет стандарттарының жиынтығы (Ромашов А.И.)

Құқық – мемлекеттен бастау алатын және орындалуы онымен қамтамасыз етілетін әрекет тәртібі жүйесі (Раянов Ф.).

Құқық нысандары (қайнар көздері). Құқық теориясында осы мәселеге қатысты дау әлі де болса дамылдамай отыр. Даудың басы кейбір ғалымдардың нормативті актілер, әдет-ғұрыптар мен прецеденттерді құқық нысаны деп тануы мен екіншілерінің аталған құбылыстарды құқықтың қайнар көзіне жатқызуында десек жаңылмаймыз. Құбылысқа әртүрлі анықтама беру оның мәнінің сан қырлылығын білдіреді дей отырып, аталған екі көзқарасты да қолдауға болатындығын ескеру керек. Аталған қос түсінікті де қолдануға болады, дегенмен де алдымен олардың әрқайсысының жеке мазмұнын анықтау маңызды.

Құқық түп нұсқасы ретінде құқықтың пайда болуы мен әрекет етуін мүмкін ететін факторларды айтады. Бұндай факторларға мемлекеттің құқықшығармашылық әрекеті, халық еркі және қоғам өмірінің материалдық жағдайлары жатқызылады. Құқық қайнар көзі құқықты тану барысында да қолданылатын термин. Бұл жағдайда оның мазмұнын құқықтың тарихи

ескерткіштері (Ману заңдары, Орыс правдасы, Жеті Жарғы), археология мәліметтері, қолданыстағы құқық актілері, заңдық тәжірибе, келісім-шарттар, құқықтанушылардың еңбектері құрайды. Құқық қайнар көзінің бұдан да тар ауқымда қолданылатын түсінігі бар. Ол тәжірибеде нақты істі шешу барысында қолданылатын құжат. Бұнда мемлекеттік еріктің сомдалуын білдіретін құқықтың сыртқы нысаны көрініс табады.

Құқық нысаны – жалпыға бірдей міндетті, заңды маңызы бар, қоғамда орын алған құқық нормаларын ұйымдастыру тәсілі. Құқық нысаны мынандай ерешеліктерімен айшықталады:

- азаматтардың нормативті бекітілген еркін бейнелейді, әлеуметтік-экономикалық базиспен негізделеді;
- халықтың саяси билігін бекітеді және қамтамасыз етеді, оның мүддесіне қызмет етеді;

Құқық нысанының негізгі 4 түрі танылған: прецедент, әлет-ғұрыптық құқық, нормативті акт, нормативті келісім.

Прецедент - құзіретті мемлекеттік органның белгілі бір мәселе бойынша қабылдаған шешімінің осыған ұқсас өзге істерді қарағанда міндетті түрде қолданылуы. Прецедент әкімшілік және сот прецеденттері болып екі топқа бөлінеді. Англо-саксондық құқық жүйесінде қолданылады..

Әдет-ғұрып құқығы тарихи қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, салт-дәстүр нормаларына мемлекеттік мәжбүр ету күші тағайындалатын құқық нысанының бір түрі. Қазіргі кезеңде көбінесе діни-ғұрыптық құқықтық жүйелерде (мұсылман құқығы, иудаистік және индуистік құқықтарда) танылған. Қазіргі Қазақстанда дүниежүзілік нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес азаматтық және банк құқығы салаларында істік айналым әдет-ғұрыптары қолданысқа енуде.

Нормативті келісім – субъектілердің өзара мүддесін есепке алуды мүмкін ететін құқықтық қатынастар жүйесін жасайтын, әрі азаматтық қоғамның дұрыс өмір сүруін қамтамасыз ететін, оның субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын құқық нысаны. Нормативті келісім - құқықшығармашылық субъектілерінің жаңа құқық нормасын қалыптастыратын келісімі. Нормативті актілермен қатар қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер: 1-20; 34; 41; 44; 46; 47; 50-51; 53; 60-61; 72; 85; 87; 95; 98; 108; 109; 132; 135; 127; 141; 147-155; 156-168

4-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері) және құқықтық отбасын топтастыру мәселелері

Семинарлық сабақ жоспары (4 сағат)

1. Құқықтық отбасы.
2. Құқық (қайнар көздері) нысаны.
3. Бірқатар мемлекеттердің құқық жүйесін топтастырудың теориялық проблемалары.

Тапсырма: Кесте толтыру

Теориялар	Авторлар	Мәні
1. Нормативистік		
2. Психологиялық		
3. Социологиялық		
4. Табиғи-құқықтық		

Әдістемелік ұсыныс: Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Құқықтың пайда болуының негізгі теориялары. Философиялық санат ретінде құқық. Нормативистік теория (Г. Кельзен). Табиғи құқықтық теория (Монтескье, Локк, Гобс және т.б.). Құқықтың тарихи мектебінің мәні (германдық құқықтанушылар: Г.Гуго, Ф. Савиньи, Ф.Пухта), Психологиялық құқық теориясы (Тард, Петражицкий), Құқықтың әлеуметтік мектебі (С.А. Муромцев, американдық Д.Дьюи, Р.Паунд, Д. Фрэйк), Марксистік құқық теориясы, Құқықтың теологиялық теориясы. Аталған мәселелер бойынша қазіргі ғылыми әдебиеттерге көзқарастар келтіру.

Әдебиеттер: 1-20; 34; 41; 44; 46; 47; 50-51; 53; 60-61; 72; 85; 87; 95; 98; 108; 109; 132; 135; 127; 141; 147-155; 156-168

**4-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері)
және құқықтық отбасын топтастыру мәселелері
ДООЖ үшін сабақ жоспары (8 сағат)**

Тапсырма:

1.Кесте толтыру

Қазіргі құқық жүйесін топтастыру түрлері		
Трихотомдық	Стилевтік	Көпфакторлы

2.Құқықты түсінудің негізгі теорияларын салыстырыңыз. Әрбір теорияның жағымды және жағымсыз жақтарын дәлелдеңіз. Құқықты түсінудің әрбір теориясы бойынша өзіндік көзқарастарыңызды білдіріңіз.

ДООЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс: Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Құқық жүйесі және оларды топтастыру өлшемдері. Рене Давид теориясы. Англосаксондық құқықтық отбасы. Романо-германдық құқықтық отбасы. Діни және дәстүрлі құқықтық отбасы. Құқық (қайнар көздері) нысандары. Соттық прецедент. Нормативтік-құқықтық акт. Құқықтық әдет-ғұрып. Құқықтық келісім-шарт. Бірқатар мемлекеттердегі құқық жүйесінің теориялық топтастыру проблемалары. Кеңестік және посткеңестік құқық жүйесін типтендіру проблемалары. Конвергенция

теориясы. Аталған мәселелер бойынша қазіргі ғылыми әдебиеттерге көзқарастар келтіру.

Әдебиеттер: 1-20; 34; 41; 44; 46; 47; 50-51; 53; 60-61; 72; 85; 87; 95; 98; 108; 109; 132; 135; 127; 141; 147-155; 156-168

**4-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері)
және құқықтық отбасын топтастыру мәселелері**

ДӨЖ тапсырмалары (8 сағат)

1. Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2. Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру.
3. Тақырыпқа ұсынылған тапсырмаларды орындау.
4. Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
5. Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру.
6. Тақырыпқа ұсынылған тапсырмаларды орындау.

Тапсырма: Кесте толтыру

Англосаксондық	Романо-германдық	Діни	Дәстүрлі
Ерекшеліктері			
1.	1.	1.	1.
2.	2.	2.	2.

Өзіндік бақылау сұрақтары

1. Құқық дегеніміз не?
2. Құқықтың нормативистік теориясының мәні.
3. Құқықтың психологиялық теориясының мәні.
4. Құқықтың әлеуметтік теориясының мәні.
5. Табиғи құқықтық теория.
Қазіргі әлемдегі негізгі құқық жүйесі (отбасы) ұғымына түсінік беріңіз?
6. Әлемдегі құқық жүйесі типологиясын дайындау бойынша қандай ғылыми көзқарастар сіздерге белгілі?
7. Романо-германдық және англосаксондық құқықтық отбасыларына сипаттама беріңіз?
8. Діни құқықтық жүйенің негізгі сипаттамаларына мысал келтіріңіздер?
9. Әдет-ғұрып құқығына қысқаша сипаттама беріңіз және Орталық және Оңтүстік Африка, сондай-ақ, Мадагаскар елдері қатарындағы биліктің себептерін түсіндіріңіздер?
10. Адам дамуының жаңа сатылары – жаһандану сатыларына әлемдік құқықтық жүйенің даму келешегінің тенденциялары қандай?

11. Конвергенция принципі дегеніміз не?
12. Құқықтың (қайнар көздері) қандай нысандары?
13. Бірқатар мемлекеттердің құқық жүйесін топтастыру проблемалары
14. Проблемаларға қазіргі көзқарастар.
15. Қазақстан Республикасының құқық жүйесін жетілдіру және мемлекеттілік үшін әлемдік құқықтық жүйе туралы білімнің маңыздылығы қандай?

5-тақырып. Құқықшығармашылық үрдісі және заңды техника

Дәріс жоспары (2 сағат)

1. Құқықшығармашылық, оның түрлері және қағидалары.
2. Заңды техника, құқықшығармашылық қызмет үшін оның мәні.
3. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру.

Дәріс тезісі:

Әрбір мемлекет қоғамдық қатынастарда құқық нормасында реттелетін, қамтамасыз етілетін, қорғалатын және сақталатын заңдылық және құқықшығармашылық көмегі арқылы анықталған тәртіп орнатады. Құқықтық аймақтағы шығармашылық – мемлекеттік еріктің заңға айналуын білдіретін мемлекеттік әрекет, құқық қалыптастыру үрдісінің соңғы, қорытындылаушы кезеңі.

Құқықшығармашылық - заңды актілерді жасау, жарыққа шығару не болмаса олардың заңды күшін жою, олардың алға қарай тиімділігін дамытуға бағытталған құқық қалыптастыру процессінің соңғы сатысы ретінде қоғамдағы объективті жағдаймен айқындалған мемлекет органдарының арнаулы қызметі. Оның белгілер:

- белсенді, шығармашылық, мемлекеттік әрекет болып табылады;
- нәтижесінде басым түрде нормативтік-құқықтық актілерде орын алатын заңдық нормалар қалыптастырылады;
- қоғамды басқарудың маңызды құралы;
- құқық шығармашылық деңгейі мен мәдениеті қоғамдағы демократия мен өркениеттіліктің бейнесі болып табылады.

Құқықшығармашылыққа мынандай қағидалар тән: ғылымилық (нормативтік актілерді дайындау барысында әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларды зерттеу қажет); кәсібилік (арнаулы мамандар айналысуы керек); заңдылық (заңға сәйкес және заң негізінде орындалуы); демократизм (азаматтардың қатысу дәрежесін көрсетеді); жариялылық (қоғамның мәліметтік хабарлылығын көрсетеді).

Құқықшығармашылық күрделі әрекет болғандықтан біртектес болуы мүмкін емес. Сондықтан ол әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Субъектілерінің сипатына байланысты былай бөлінеді:

1. Халықтың тікелей құқықшығармашылығы. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері бойынша тікелей халықтық дауыс беру (референдум) жолымен заңдар қабылданады. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы тікелей халық еркімен қабылданған акт.

2. Мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы. Қазақстан Республикасында нормативті құқықтық актілерді қабылдау құқығына Қазақстан Республикасының Парламенті, Президенті, Үкіметі және өзге де мемлекеттік органдар ие.

3. Қоғамдық ұйымдардың құқықшығармашылығы немесе санкцияланған құқықшығармашылық. Мемлекет белгілі бір жағдайларда қоғамдық ұйымдардың актілерін немесе әдет-ғұрып нормаларын мемлекеттің рұқсат беру күшімен заңдастыруы мүмкін.

Құқықшығармашылық маңыздылығына байланысты заң шығару және заңға бағынышты актілерді шығару деп екі үлкен топқа жіктеледі. Заң қабылдау құқығына мемлекеттегі ең жоғарғы өкілді орган құзіретті болады және оның актілерінің жоғарғы заңдық күші танылады. Заңға бағынышты нормативті актілерді қабылдау Президентке, үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға, мемлекеттік комитеттерге, мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, кәсіпорын, мекеме, ұйым басшыларына берілетін құқық.

Құқықшығармашылық процесі кезектілікпен жүргізілетін ұйымдастырушылық әрекеттердің жиынтығы, нормативті актілерді жасау және оның нұсқауларын адресаттарға жеткізу технологиясы. Заңшығармашылықтың бірінші кезеңі заң жобасын дайындау болып табылады.

Заңдық бастамашылық - конституцияда анықталған, соған өкілеттілігі бір белгілі бір субъектілердің заң жобасын дайындап, оны заң шығарушы органға енгізуі және оның заң жобасы бойынша шешім қабылдау міндеттілігі. Қазақстан Республикасында заңдық бастамашылық құқығы ҚР Үкіметі мен Парламент депутаттарының тобына берілген.

Екінші саты заң жобасын талдау деп аталады. Ол парламенттің төменгі палатасында – Мәжілісте заң жобасын ұсынған субъектінің баяндамасын тыңдаумен басталады. Аса маңызды заң жобалары бүкілхалықтық талдауға түседі. Заң жобасын талдау бап бойынша немесе толықтай түрде жүзеге асырылады.

Үшінші саты заңды қабылдау сатысы. Заң алдымен Мәжілісте, соңынан Сенатта қабылданады. Заң қабылдаудың екі түрлі тәртібі бар: заңдар көпшілік даусымен, яғни депутаттардың 50% + 1 дауыс жолымен немесе конституциялық заңдар басым көпшілік даусымен, депутаттардың үштен екі бөлігінің даусымен қабылданады. Парламент палаталарымен қабылданған заң актілері Президенттің қол қоюына жіберіледі. Қол қойылған заңдар іске асырылады.

Төртінші саты заң актілерінің жарық көруі және заңды күшіне ену сатысы деп аталады. Жарияланбаған заңдар қолданылмайды. Қазақстан Республикасында ресми жариялану органдары ретінде Парламент жаршысы,

Президент пен үкімет актілерінің жинағы, Егеменді Қазақстан танылған. Заңдардың заңды күшіне енуінің арнаулы тәртібі бар. Ол «Нормативті-құқықтық актілер туралы» заңда көрсетілген.

Заңдық техника және оның құқықшығармашылық, құқыққолдану және заңдарды жүйелендірудегі маңызы. Құқықтық актілердің тілі.

Нормативті-құқықтық актілерді жүйелеу мақсаты құқықтық материалды тәртіпке келтіру, оларды анықталған белгілеріне байланысты топтастыру болып табылады. Жүйелеу қажетті нормативті актіні іздеуді жеңілдетеді және заңдылық талаптарына жауап береді. Бұл тұрғыдан, нормативті актілерді сыртқы жүйелеуді айтамыз. Ішкі сипаттағы жүйелеу құқықтық нормалардың ішкі бірлігіне жетуге, яғни құқықтағы қайшылықтар мен ақаулықтарды жоюға бағытталған.

Нормативті-құқықтық актілерді жүйелеу деп жинақтар немесе кодекстер түрінде нормативті-құқықтық құжаттарды белгілі бір тәртіппен ұйымдастыру, ретке келтіруді айтамыз. Ол заң шығарушыға, құқық қолданушыға, азаматтарға қажетті әрекет. Құқықтық мәліметті ғылыми негізделген жүйелеу құқық шығармашылық органдарына қысқа мерзімде әрекеттегі заңнаманы бағалауға, олардың қайшылықтарын, келіспейтін тұстарын, құқықтық реттеудегі ақаулықты анықтауға және оларды жою шараларын қабылдауға мүмкіндік береді. Заңнаманы жүйелеу құқық қолданушының қауырт еңбегін жеңілдетеді, қажетті норманы тез табуға және оны талқылауға көмектеседі. Заңнама қоғам мүшелеріне белгілі болуға тиісті. Олар түпнұсқалардан өздерінің құқықтары мен міндеттерін біліп отыруы қажет. Бұл тұрғындардың құқықтық мәдениетін көтеруге негіз болады. Құқықты жүйелеу ғылыми қағидаларға негізделуі тиіс және ғылыми тәсілдерді қолдануы қажет.

Нормативті актілерді жүйелеудің үш түрі танылған: кодификация, инкорпорация және консолидация.

Кодификация – нормативті-құқықтық актілердің ішкі мазмұнымен қатар, сыртқы үлгісін де өзгерту жүргізілетін жүйелендірудің бір түрі. Кодификациялау барысында нормативті актілерді жіктеу ғана жүзеге асырылмайды, сонымен қатар оның мазмұнына мәнді өзгерістер мен толықтырылулар енгізіледі, ескірген қағидалар мен нормалар жойылып жаңалары қосылады. Кодификация тек құқық шығармашылық өкілеттілігі бар органдармен жүзеге асырылады және құқық шығармашылықтың бір түрі болып табылады. Кодификация түрі ретінде заңнама негіздерін және негізгі бастауларын, кодекстер мен жарғыларды атауға болады. Қазақстан Республикасы дамуының қазіргі кезеңінде басым түрде кодекстер қолданылады. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Азаматтық кодексі.

Инкорпорация – нормативті-құқықтық актілердің мазмұнын өзгертпестен, тек оның сыртқы үлгісі өңделетін жүйелендірудің бір түрі. Инкорпорация жүйелендірудің ең қарапайым және кең таралған түрі болып табылады. Онда нормативті актілер реттейтін қоғамдық қатынастарының сипатына немесе тақырыптарына байланысты (жүйелік инкорпорация), сондай-ақ, қабылдану

мерзіміне байланысты (хронологиялық инкорпорация) топтастырылады. Инкорпорация реттеу пәніне байланысты барлық заңнаманы қамтитын болса, бас инкорпорация деп аталады, егер тек белгілі бір бөлігіне ғана қатысты болатын болса, жеке инкорпорация делінеді. Инкорпорация оны жасайтын органдардың сипатына байланысты ресми немесе биресми түрге бөлінеді. Ресми инкорпорация құзіретті органдармен (Парламент, Үкімет және т.б.) жүргізіледі. Биресми инкорпорация ұйымдар және жеке тұлғалармен өз ынтасына, қажеттігіне байланысты жүргізіледі. Олар анықтамалық-мәліметтік қызмет атқарады.

Консолидация – нормативті актілерді олардың мазмұнын өзгертпестен, дербес заңдық маңызын жоя отырып, біртұтас актіге біріктіру жолымен жасалатын жүйелеудің бір түрі. Ол кодификацияның да, инкорпорацияның да белгілеріне ие болатын аралық звено. Оның барысында бірнеше нормативті акт нормаларының логикалық кезектілігімен, қайталаулар мен қайшылықтар жойыла отырып, бір актіге біріктіріледі. Кейбір баптарының жаңа редакциядан өтуі де мүмкін. Бірақ, консолидация қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге мәнді өзгеріс енгізе алмайды. Консолидация нәтижесінде заңнама жинақтары жасалынады, көбінесе, олардың ресми сипаты болмайды. Консолидация актілері әдетте, мемлекеттік және қоғамдық әрекеттің тиісінше аймағында әрекет ететін тұлғалар үшін заңдық көмекші құрал ретінде қолданылады.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26-30; 33-34; 41; 52-53; 67; 73; 84; 93; 96; 103-104; 106-107; 115;-116; 138; 147-155; 156-168

5-тақырып. Құқықшығармашылық үрдісі және заңды техника

Семинарлық сабақ жоспары (2 сағат)

1. Қазақстан Республикасындағы заң шығару сатылары.
2. Заңды техника.
3. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру.

Тапсырма: Кесте толтыру

Құқықшығармашылық процесінің түрлі сатыларына қатысушылардың әрекеттері
1.
2.

Әдістемелік ұсыныс: Семинарға дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Құқықшығармашылық ұғымы және оның қоғамдық қатынастарды дамытудағы рөлі. Құқықшығармашылық түрлері. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесінің сатылары және

халықаралық әдіс-тәсілдер. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелендіру. Нормативтік-құқықтық актілерді консолидациялау проблемалары. Заңды техника, оның құқышығармашылық қызмет үшін мәні. Аталған мәселелер бойынша қазіргі ғылыми әдебиеттерге көзқарастар келтіру.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26-30; 33-34; 41; 52-53; 67; 73; 84; 93; 96; 103-104; 106-107; 115;-116; 138; 147-155; 156-168

5-тақырып. Құқықшығармашылық үрдісі

және заңды техника

ДООЖ үшін сабақ жоспары (4 сағат)

Тапсырма: Кесте толтыру

Заңшығару процесінің сатылары	
Сатылары	Сатылар мәні
1. Заңшығару бастамшылық	
2. Заң жобасын дайындау	
3. Заңды қабылдау	
4. Заңға қол қою	
5. Жариялау	

ДООЖ тапсыру нысаны: жазбаша.

Әдебиеттер: 1-20; 21; 26-30; 33-34; 41; 52-53; 67; 73; 84; 93; 96; 103-104; 106-107; 115;-116; 138; 147-155; 156-168

5-тақырып. Құқықшығармашылық үрдісі

және заңды техника

ДӨЖ тапсырмалары (4 сағат)

1. Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2. Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру.
3. Тақырыпқа ұсынылған тапсырмаларды орындау.

Өзіндік бақылау сұрақтары

1. Құқықшығармашылық процесіне сипаттама беріңіз?
2. Құқықшығармашылық процесінің шешуші көзі не болып табылады?
3. Құқықшығармашылық процесінің элементтерін атаңыз?
4. Құқықшығармашылық процесіне әрекет етуші факторларды сипаттаңыз.
5. Заңшығарушылық процесінің қандай сатылары қызмет етеді?
6. Құқықшығармашылық және заңшығарушылық арасында айырмашылықтар бар ма?
7. Құқықшығармашылық процесінің түрлерін атаңыз және сипаттама

беріңіз?

8. Құқықшығармашылық процесінің түрі – референдумның бекітілуімен келісесіз бе? Өзіңіздің көзқарасыңызды білдіріңіз.

9. Заңды техника дегеніміз не? Сапалы заңды дайындауда маңызы қандай?

Рефератты орындау және рәсімдеу үшін қажетті әдістемелік нұсқау:

Рефераттың көлемі 15 беттен кем болмауы керек. Ол басты беттен, жоспары мен негізгі бөлімнен және әдебиеттер тізімінен тұрады. Мәтін алынған әдебиеттерге сілтемелер сілтеме жасалған беттің төменгі жағында 10 кегль көлеміндегі шрифте жазылады. Беттің параметрлері: жоғары және төменгі – 2 см; сол жақ – 3 см; оң жақ – 1,5 см; қызыл жол 0,8 см. Колонтитул жоғарғы және төменгі – 1,25 см. Жол арасындағы интервал – 1,5. Студент реферат тақырыбының біреуін таңдап алуға тиіс. Рефератты жазу үшін ең алдымен деректер мен оқулықтарды мұқият оқып шығу қажет. Рефератты теориялық ойлармен және тақырыпқа байланысты дәуір мен мемлекет және құқық туралы жалпы мәліметтерден таныстырудан бастаған жөн. Содан кейін тақырыпты ғылыми тұрғыда негіздеп жазу үшін құқықтық деректерге талдау жасап, қалыптасқан механизмді сұрыптап, мәселеге байланысты өзіндік тұжырым жасау керек.

Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер: Курс бойынша жазбаша жұмыстарды орындау барысында таңдап алынған тақырыптың сипатына байланысты тиісті нысандарда берілген әдебиеттер тізімін қолдану ұсынылады.

3.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыныс:

1-тақырып. Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселенің көпқырлы кезеңдері

Докторантқа қажетті ұғындыратын жайт, ол біріншіден алғашқы қауымдық, құрылыстың ыдырап кетуіне және мемлекет пен құқықтың пайда болуына қандай себептер түрткі болғандығын анықтау болса, екіншіден мемлекетті, рулық құрылыстың қоғамдық билігінен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін ашу. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларының мазмұнын ашып, сол теориялардың қоғамның даму деңгейімен жағдайлануын көрсетіп, олар жөнінде өз пікірін айту. Тиянақты негізделіп, дәлелденген мемлекет пен құқықтың пайда болуының әлеуметтік-экономикалық теориясына баса назар аударылуы керек. Бірінші сұрақты Докторантқа мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларының мазмұнын ашып, сол теориялардың қоғамның даму деңгейімен жағдайлануын көрсетіп және ол жөнінде өз пікірінде айту қажет. Тиянақты негізделіп, дәлелденген мемлекет және құқықтың пайда болуының әлеуметтік-экономикалық теориясына баса назар аударылуы тиіс.

Келесі сұрақты оқып қарастыру барысында мемлекетті, алғашқы қауымдық құрылысты болған қоғамдық биліктен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін тереңнен ұғыну қажет. Мемлекеттің әрбір белгісінің мазмұнын ашу. Мемлекетті, алғашқы қауымдық құрылыста болған, қоғамдық биліктен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін тереңнен ұғындыру қажет. Сонымен қатар мемлекеттің әрбір белгісінің мазмұнын ашу абзал. Мемлекет мәнін қарастыруда, оның екі аспектілеріне толығырақ, салыстырмалы мәлімет берген жөн. Мемлекет мәніне қатысты негізгі бағыттармен қатар, шеңберінде діни, ұлттық нәсілдік мүдделер нақты мемлекет саясатына үстемшілік жасайтын, аталмыш діни, ұлттық, нәсілдік және басқа да бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Сонымен қатар Докторант мемлекеттік билікке сипаттама бермес бұрын әлеуметтік билікке анықтама беріп алу қажет. Әлеуметтік билік кез-келген ұйымдасқан, белгілі бір дәрежеде тұрақты адамдар тобына – руға, тайпаға, отбасына, қоғамдық ұйымға, партияға, мемлекетке, қоғамға және т.б. тән екендігі қарастырылып, мемлекеттік биліктің үстемділігі туралы анықтама беру керек. Мемлекет мәніне қатысты негізгі бағыттармен қатар, шеңберінде діни, ұлттық нәсілдік мүдделер нақты мемлекет саясатына үстемшілік жасайтын, аталмыш діни, ұлттық, нәсілдік және басқа да бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Басқаша айтқанда мемлекет мәні көп аспектілі. Ол тек таптық жән жалпы әлеуметтік бастамаларға келіп тірелмейді. Сондықтан да тарихи жағдайларына байланысты мемлекет мәнісін, жоғарыда аталған бастамалардың қандай да болмасын біреуі құрауы мүмкін. Жалпы, мемлекет типінің түсінігі мемлекет және құқық теориясының аса маңызды санатына жатады. Мемлекет типологиясы - формациялық және өркениеттік көзқарастар көмегімен жүргізілетін, оның өзіндік саралануы. Осы уақытқа дейін жалғыз ғылыми көзқарас ретінде формациялық танылуы, оның басты өлшемдері әлеуметтік-экономикалық белгілеріне назар аудару қажет. Мемлекет типологиясының тағы бір көңіл аударарлық жағы өркениеттік көзқарас бойынша жіктеудің негізгі өлшемі ретінде рухани белгілеріне мысалдар келтіру керек. Әсіресе, ағылшын тарихшысы А.Тойнбидің пікіріне көңіл бөлген жөн. Мұның маңыздысы, мәдениет факторлары мәнді ретінде анықталған болса, осал тұсы, әлеуметтік-экономикалық факторлар дұрыс бағаланбағандығына көз жеткізу абзал.

2-тақырып. Қоғамның саяси жүйесінің даму генезисі

Бұл тақырыпты қарастыру барысында Докторант қоғам мүдделерінің өзара сәйкестігі негізінде құрылатынын, ал олардың орындалуы, жеке адамдардың өзара қарым-қатынастарына байланысты болуы, яғни, бірігіп жұмсаған күштің нәтижесінде, жеке адамның жете алмайтын мақсаттарына жетуге болатынын, қоғамның мүдде-мақсатының дұрыс жақсы орындалуын қалыптастыратын, қоғамдық билік екендігін түсіндіру. Ал қоғамдық билікті реттеп-басқаратын қоғамның саяси жүйесі мемлекетпен бірігіп, қоғамның бағдарламасын, мүдде-мақсатын анықтап, оның бағыттарын, орындау

механизмін белгілеп, міндетті нұсқау бұйрықтар беріп, іске асуын бақылап отыратынын тәжірибедегі мысалдармен келтіру. Қоғамның саяси жүйесі – бұл белгілі бір саяси функцияларды атқарушы мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік институттардың жүйесі. Саяси жүйе сыртқы және ішкі саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз етеді, әлеуметтік топтардың мүдделерін қалыптастырады, білдіреді және қорғайды. Оның сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталатынын білу абзал.

Сонымен қатар, қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны өте зор, өте жауапты екендігін ұғыну. Мемлекет саяси жүйеге белгілі бір жекелеген органдары арқылы емес, өзіндік бір саяси, аумақтық құрылымдық бөлік ретінде кіретінін, ол өз функцияларын басқа әлеуметтік институттармен, партиялармен, кәсіптік одақтармен, жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып атқара алатынын түсінік беру. Мемлекеттің саяси жүйе бағыттағы жұмыстарының түрлері: мемлекет және саяси партиялар; мемлекет және қоғамдық, ұйымдар мен бірлестіктер; мемлекет және еңбек ұжымдары; мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің қызметі; мемлекет пен азаматтар; мемлекет пен дін, мемлекеттің дінмен қарым-қатынасына сәйкес үш түрлі мемлекеттер: зайырлы, теократиялық, клерикалдық болатынын атап өту керек. Келесі сұрақ аясында қоғамның саяси жүйесінің сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталатына, соның қорытындысы ретінде еңбек нәтижелері саналы түрде мемлекеттік ұйымдасқан адамдардың ерекше тобымен бөлінетін әлеуметтік орта, екінші бір түрі қоғамның экономикалық өмірінің нарықтық-ақшалық негізінде, еркін кәсіпкерліктің тәжірибесі мен идеологиясы, ұйымдастырудың үшінші түрі аралас, яғни, конвергенциялық саяси жүйелер бір әлеуметтік ортадан екінші әлеуметтік ортаға өту кезінде пайда болатынына мысалдар келтіріп, мән-мағынасын ашу. Төртінші сұрақ бойынша Докторанттар азаматтық қоғамды әлеуметтік, мәдени, рухани салалар тіршілігінің қамтамасыз етілу жүйесі, олардың өсіп-өніп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру, олардың дербес өсуіне жағдай жасауға арналған қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесінде маңызын ашу керек. Азаматтық қоғамның элементтері: кәсіподақтар; саяси партиялар; қоғамдық бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; шығармашылық ассоциялар; діни бірлестіктер; тәрбие саласы; білім саласы; ғылым және мәдениет саласы; жанұя. Азаматтық қоғамның белгілері: адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету; өзін-өзі басқару; оның құрылымдарының және адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі; еркін қалыптасатын қоғамдық пікірлер мен плюрализм; адамның ақпарат алу құқығының нақты іске асуы; көп салалы экономика; биліктің заңды және демократиялық сипаты; адамдардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясатын анықтау.

3-тақырып. Мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік мәселелері

Тақырып аясында Докторант қоғамды басқару, мемлекеттік құрылым және саяси режим нысандарынан құралған, елдегі мемлекеттік билікті ұйымдастырудың түрі мемлекет нысанына баса назар аударылуы керек. Оның элементтерінің ара жігін ажыратып, маңызы мен орнын білу қажет. Сонымен қатар мемлекет нысаны жоғарғы мемлекеттік органдардың құрылуы мен ұйымдасуының тәртібі, олардың бір-бірімен және тұрғындармен ара қатынасы сипаттау керек. Басқару нысаны ерекшеліктеріне таптық күштердің, билікте отырған әлеуметтік өкілдердің қарым-қатынасы, тұрғындардың ұлттық құрамы, мәдениет және салт дәстүр деңгейі қалай әсерін тигізетінін айту қажет. Мемлекет нысанының ерекшелігіне байланысты монархиялық және республикалық бөліну себептерін талдау абзал.

Келесі сұрақ бойынша мұнда мемлекеттің аумақтық құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің және осы бөліктердің әрбірінің мемлекетпен қарым-қатынасының сипатын анықтау керек. Барлық мемлекеттер өздерінің мемлекеттік құрылымы бойынша жай немесе біртұтас (унитарлы) мемлекет – бұл өз ішінде бөлінбейтін тұтас мемлекет, оның өз ішінде дербес мемлекеттік құрылымдар болмайды, бұл мемлекетте жоғары органдардың біртұтас жүйесі, заңнаманың ортақ жүйесі, ортақ сот жүйесі, ортақ азаматтығы мен салықтардың бірыңғай жүйесі, ал, күрделі мемлекет – бұл белгілі бір дәрежедегі дербестікке ие жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған мемлекет: империялар, федерациялар, конфедерациялар, достастықтар және одақтастықтардың мән-мағынасы мен айырмашылықтарын көрсету қажет.

Төртінші сұрақ бойынша мұнда мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жәрдемдесетін тәсілдер мен әдістер жиынтығына қарай екі түрлі режимге бөлінетінін білу қажет. Мына төмендегідей мәні бар ұғымдарға:

1. Қоғамның экономикалық даму деңгейіне;
2. Таптық күш ара қатынасы;
3. Ұлттық және мәдениетті салт-дәстүріне;
4. Халықаралық жағдайларға және т.б. мысал келтіру.

4-тақырып. Құқық нысаны (қайнар көздері) және құқықтық отбасын топтастыру мәселелері

Докторант сабаққа дайындалу барысында құқықтық жүйе түсінігін қараған жөн, оның негізгі белгілерін және ұғымын түсіну қажет. Сонымен бірге, құқықтық жанұялардың бір-бірімен байланысы және ерекшеліктерін олардың топталуын қарастырған жөн. Құқықтық жүйе түсінігінің белгілі бір мемлекеттегі құқыққа сипаттама берудегі маңызы. Бұл жағдайда ұлттық құқықтық жөнінде сөз қозғау. Құқықтық жүйенің құқықпен қатар қай элементінің – не сот тәжірибесінің, не құқықтық идеологияның – ерекше рөлге ие болуына сол мемлекеттегі барлық құқықтық құбылыстар тәуелді болып келетінін тұжырымдау. Осы белгілері бойынша құқықтық жүйенің жанұяларын

(құқықтың қайнар көздерінің ортақтығы негізінде бөлінген құқықтық жүйелердің жиынтығы) бөліп қарастыру керек.

Сұрақты қарастырғанда құқық қайнар көздерін құқық нормасынын түсінігін құқық құрлымы және құқықтық жанұяларға қандай мемлекеттер қайсысына жататыны көрсетілуі қажет. Заң ғылымындағы құқықтық жанұялардың бірі - континентальді Еуропанын нормативті-заңнамалық жүйе жанұясы, романо-германдық құқықтың (бұл жүйелерде бірінші орында заң тұрады) пайда болуына негіз болған рим құқығы. Романо-германдық құқықтық жанұясына тән ерекшеліктерді ажырата білу қажет. Романо-германдық (континентальдық) құқықтық жүйеде, соның ішінде Қазақстан Республикасында, сот прецеденті құқық қайнар көзі ретінде танылмайтынына мысалдар келтіру.

Келесі сұрақты қарастыру барысында англо саксондық елдердің құқықтық жүйесін зерделеу қажет және осы елдердегі сот тәжірибесінің рөлін бағалау керек (АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Жаңазеландия). Сот прецеденті - келешекте ұқсас істерге үлгі болатын нақты сот ісі бойынша шешім шығару кезінде заңнамада қажетті норма болмаған жағдайда ғана қолданылатынын айта керек. Бұдан шығатыны, прецедент кезінде құқық қолдану функциясын орындайтын органдар құқық шығармашылық органдарының функцияларын өздері иеленеді. Қазіргі уақытта прецедент англосаксондық құқық жүйесі орнаған елдерде Англияда, Үндістанда, АҚШ-та қолданылады. Англосаксондық құқықтық жүйесінде мынадай үрдіс байқалады, яғни, статуттық құқықтың үлес салмағы ұлғайып келеді, ал романдық құқықтық жүйеде (Франция, Германия және т. б.) прецеденттік құқық салмағы ұлғаюда". Англосаксондық құқықтық жанұяға Англияның, АҚШ-тың, Канаданың, Австралияның, Жаңа Зеландияның және т.б. ұлттық-құқықтық жүйелерін жатқызады. Берілген жанұяның белгілеріне сипаттама бере отырып, көрсету керек. Сонымен қатар, ислам мемлекеттерінің құқықтық нормалары мен діни нормаларды мақсатты түрде салыстырып, қайнар көздерін табу қажет. Сонымен бірге, әдет ғұрып құқығын негізі мен сипатын көрсету қажет. Берілген құқықтық жанұяның белгілерінің ішінен құқықтың пайда болуы қоғам мен мемлекеттен емес, ал Құдайдан деп тануын бөліп көрсетуге болады, сондықтан да заңдық нұсқаулар бірден мәңгілікке берілген, оларға сеніп және сәйкесінше қатаң сақтау керек. Шариаттың үш саладағы құдіретті бағыттарын атап өту. Мұсылмандардың киелі кітаптары — Құран, Сунна, Иджма, Қияс көрсетілген діни-құқықтық қағидалар құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылатынына сипаттама жасау қажет.

Келесі сұрақта, құқықтық әдет-ғұрып – мемлекет міндетті мән берген және олардың сақталуын өзінің мәжбүрлеу күшімен кепілдік ететін дәстүр. Әдет-ғұрып — тарихи қалыптасқан және әдетке айналған мінез-құлық ережесі. Құқықтық (санкцияланған) әдет-ғұрып, мемлекет заңдық күш, санкция берген, әдетке айналған, тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережесі ретінде көрініс табады. Санкциялау дегеніміз мемлекетпен бекіту деген сөз. Басқаша айтқанда, құқықтық әдет-ғұрып - мемлекеттен туындамайтын тек онымен танылатын

құқықтың кайнар көзі. Құқықтық әдет-ғұрыпқа құл иеленушілік құрылыстағы феодалдық құқықтың ескерткішін жатқызуға болады: Қазақстанда «Жеті Жарғы», Үндістанда «Ману заңы», Германияда «Солистік шындық», Ресейде «Русская правда».

5-тақырып. Құқықшығармашылық үрдісі және заңды техника

Докторантға нормативтік актілерді реттеу, оларды белгілі бір жүйеге келтіруде заңнаманы қолдану ыңғайлылығын арттыру үшін көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету маңызын білу қажет. Жүйелеудің түрлері: инкорпорация, оның қағидалары: инкорпорацияны түрлерін бөліп қарастыра отырып, консолидация. оның инкорпорациядан айырмашылығы, ал консолидацияның ерекшелігі туралы зерделеп, кодификация, кодификациялық актінің дәстүрлі қалыптасқан түрі кодекс болып табылатынын, заңдарды кодификациялау жалпылай, салалық, арнайы түрлеріне назар салыңыз.

Сұрақты оқып қарастыру барысында, “Құқық шығармашылық” – қоғам мен мемлекеттің құқықтық қажеттілігін тану мен баға беру процессі және де тиісті процедура шеңберінде өкілетті субъектілер тарапынан құқықтық актілерді жинақтап, қабылдау сынды анықтамаларды ұстағанымыз дұрыс болар. Мұнымен қатар, қандай да болмасын актілерді қабылдауға құқылы құқық шығармашылық субъектілерінің шаңберін айқындауға көңіл бөлуіміз қажет. Олардың құқықтары конституциялық мәртебемен жағдайланған. Құқық шығармашылық түрлерін (заң шығармашылық, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқық шығармашылығы, тікелей құқық шығармашылық, шартты құқық шығармашылық) қарастыра отыра, олардың бөліну өлшемдеріне негіздеу қажет:

- а) құқық шығармашылық субъектісі;
- б) құқық шығармашылық регламенттері;
- в) құқықтық актілердің нақты анықталған түрлеріне бағаттылық.

Жоғарыда аталған сұрақтар негізінде құқық шығармашылық қағидаларында жан жақты терең қарастырсақ қисында болар деп ойлаймыз:

- а) ғылымдық;
- б) заңдылық;
- в) демократизм;
- г) жүйелілік.

Құқық шығармашылық құзыретті органдардың заң нормаларын қабылдауға, өзгертуге және жоюға байланысты арнайы қызметінің маңыздылығын білу керек. Сонымен қатар құқық шығармашылықтың белсенді, мемлекеттік, шығармашылық қызметті білдіретінін, оның негізгі өнімі нормативтік актілерден көрініс тапқан заң нормалары, бұл қоғамды басқарудың маңызды құралы екендігін, мұнда оның даму бағдарламасы қалыптасып, маңызды мінез-құлық ережелері қабылданатынын, құқықшығармашылықтың деңгейі мен мәдениеті, қабылданған нормативтік актілердің сапасы қоғамның өркениеттілігі мен демократиялығының көрсеткіші болатынына көз жеткізу.

Субектілердің түріне қарай құқық шығармашылық түрлері: референдум - жүргізу; құқық орнықтырушы қызметі; мемлекеттік санкциялау сипаттамаларына мысалдар келтіру абзал. Әсіресе, құқық шығармашылық қағидалары: ғылыми, кәсібилік, заңдылық, демократиялық, жариялылық сынды тұжырымдамаларды жан-жақты, қисынды ой-пікірлермен бөліскен дұрыс.

Келесі сұрақты қарастыру, нормативтік құқықтық актілерді қабылдау процедуралар мен ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Парламентінде жүзеге асырылатын заң шығарушылық процесс - Қазақстан Республикасының Конституциясы (61, 62 бап.), 16.10.1995ж. қабылданған «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 3-тарауымен және «Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері туралы» ҚР 24.03.1998ж. заңымен реттелетіндіктен, оларға барынша сүйене отырып, қажетті тұстарын конспектілеу керек. Заң шығару процесінің: заң шығару бастамасы, заң жобасын талқылау, заңды қабылдау, заңды жариялау кезеңдеріне және ондағы процедуралар мен ерекшеліктерге аса назар салған жөн. Соңғы сұрақ барысында нормативтік актілерді реттеу, оларды белгілі бір жүйеге келтіруде заңнаманы қолдану ыңғайлылығын арттыру үшін көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету маңызын білу қажет. Жүйелеудің түрлері: инкорпорация, оның қағидалары: инкорпорацияны түрлерін бөліп қарастыра отырып, консолидация. оның инкорпорациядан айырмашылығы, ал консолидацияның ерекшелігі туралы зерделеп, кодификация, кодификациялық актінің дәстүрлі қалыптасқан түрі кодекс болып табылатынын, заңдарды кодификациялау жалпылай, салалық, арнайы түрлеріне назар салыңыз.

3.11. Курстық жұмысты орындау және рәсімдеу үшін қажетті әдістемелік нұсқау: Курстық жұмыстың көлемі 25 беттен кем болмауы керек. Ол басты беттен, мазмұнынан, кіріспе мен негізгі бөлімнен, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады. Мәтін алынған әдебиеттерге сілтемелер сілтеме жасалған беттің төменгі жағында 10 кегль көлеміндегі шрифте жазылады. Беттің параметрлері: жоғары және төменгі – 2 см; сол жақ- 3 см; оң жақ – 1,5 см; қызыл жол 0,8 см. Колонтитул жоғарғы және төменгі – 1,25 см. Жол арасындағы интервал – 1,5.

Курс бойынша жазбаша жұмыстарды орындау барысында таңдап алынған тақырыптың сипатына байланысты тиісті нысандарда берілген әдебиеттер тізімін қолдану ұсынылады. Қағаз үнемдеу мақсатында олардың жалпы тізімін қайтадан беру қажетсіз деп саналады.

3.12. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Қоғамдық ғылымдар зерттеу пәніне қарай бөлінеді:

- А) Заңтану
- В) Математика
- С) Физика
- Д) Дамушы

- Е) Химия
- Ғ) Қажетті

2. Федеративтік құрылымдағы елдер:

- А) Германия
- В) АҚШ

- С)Дания
- Д)Франция
- Е)Қазақстан
- Ғ)Жапония
- Г)Қырғызстан

3. Заңсыз мінез-құлықпен байланысты құқықбұзушыға қатысты заңды жауапкершіліктің түрі мен шарасын анықтауға арналған қызмет анықтамасына сәйкес ұғым:

- А)Құқық қорғау қызметі
- В)Құқықтық сезіну
- С)Бұл тұлғаларда қалыптасқан түсініктер мен идеялардың жиынтығы
- Д)Құқық қорғау, құқық қолдану қызметі
- Е)Заңды мінез-құлық
- Ғ)Жекелей нақтылы белгілей шығару
- Г)Адамдардың құқықтарға қатысын білдіретін түсініктері мен сезімдерінің жиынтығы

4. Құқықтық пайда болуының негізгі теориялары:

- А)таптық теория
- В)матриархалды теория
- С)патриархалдық теория
- Д)күштеу теория
- Е)теологиялық теория
- Ғ)қоғамдық келісім теориясы
- Г)эманация теория

5. Құқықтық қайнар көздерінің түрлері:

- А)ереже
- В)қағида
- С)регламент
- Д)құқықтық әдет-ғұрып
- Е)бұйрық
- Ғ)нормативтік-құқықтық акт

6. Құқық нормалары:

- А)Нормативтік құқықтық актілерде көрініс тауып, мемлекетпен кепілденген жүріс-тұрыс ережесі
- В)Ұйымдардың жарғыларында көрініс тапқан жүріс-тұрыс ережесі
- С)Мемлекеттің күштеу аппаратымен жүзеге асырылатын үлгі, жүріс-тұрыс эталоны

- Д)Адамдардың әділеттілік туралы ойларына сәйкес жүріс-тұрыс ережесі
- Е)Қоғамдық
- Ғ)Ұйымдармен қабылданып, бекітілетін және ол ұйым мүшелеріне міндетті жүріс-тұрыс ережесі
- Г)Мемлекетпен қамтамасыз етілген қоғамдық қатынастарға қатынаушылардың жүріс-тұрыс ережелері

7. Кодификацияның түрлері:

- А)бейресми
- В)конституция
- С)ресми
- Д)аутентикалық
- Е)жазылмаған конституция

8. Жеке құқық:

- А)Халықаралық жария құқық
- В)Қылмыстық құқық
- С)Азаматтық құқық
- Д)Қаржылық құқық
- Е)Отбасылық құқық
- Ғ)Қылмыстық іс жүргізу құқығы

9. Феодалдық мемлекеттердің қызметтері:

- А)Феодал меншігін қорғау
- В)Құлдардың қарсылығын басу
- С)Әлеуметтік қызметтер
- Д)Экономикалық қызметтер
- Е)Тәртіпті қамтамасыз ету мақсатындағы идеологиялық әсер ету
- Ғ)Қаналушылардың қарсылығын басу
- Г)Басып алу соғыстарын жүргізу

10. Мемлекеттік қызметті жүзеге асыру нысаныны қарай мемлекет органдары бөлінеді:

- А)Жүйелі органдарға
- В)Қажетті органдарға
- С)Өкілдік органдарға
- Д)Қажетсіз органдарға
- Е)Атқарушылық органдарға
- Ғ)Жалданбаған органдарға
- Г)Жалданған органдарға

11. Англо-саксонды құқықтық жүйеге тән белгілер:

- A) Рим құқығының рецепциясы
- B) Құқықтың қайнар көзі-құран, сунна, иджма, қияс
- C) Құқықтың негізгі қайнар көзі-құқықтық әдеттер
- D) Құқықтың қайнар көзі-судьялармен рәсімделген нормалар
- E) Құқықтың қайнар көзі-дін мен дәстүр

12. Техникалық нормалар бөлінеді:

- A) корпоративтік
- B) экологиялық
- C) әдет-ғұрыптық
- D) санитарлық-гигиеналық
- E) құлықтылық
- F) діни

13. Қолданыстағы және ниеттелген құқыққа адамдардың қарым-қатынасын жасаушы ұсыным мен сезім, көзқарас пен эмоция, бағалау мен белгілеу шындығы:

- A) Құқықтық жағдай
- B) Құқықтық нормасы
- C) Құқықтық сезім
- D) Құқықтық психология
- E) Құқықтық мәдениет

14. Құқық нормаларын талқылаудың тәсілдері:

- A) грамматикалық
- B) жүйелік
- C) сөзбе-сөз
- D) кеңейтілген
- E) легалды

15. Құқықтық реттеу механизмінің элементтері:

- A) санкция
- B) құқықтық институт
- C) құқық саласы
- D) құқық қолдану актілері
- E) құқықтық қатынастар

16. Құқықтық әрекет ету аясында адамның жүріс-тұрысы:

- A) құқыққа сай емес
- B) дәстүрлі
- C) әлеуметтік белсенді
- D) маргиналды

- E) нигилистік
- F) комформистік

17. Заңды жауапкершіліктің түрлері:

- A) отбасылық
- B) әкімшілік
- C) тәртіптілік
- D) экологиялық
- E) қылмыстық

18. Заңдылықтың юридикалық кепілдіктерін жүзеге асырады:

- A) қаржы полициясы
- B) прокуратура
- C) сот
- D) қос азаматтығы барлар
- E) босқындар

19. Тұлғаның құқықтық мәртебесін құрайды:

- A) мүддесіздік
- B) әрекет
- C) міндеттер
- D) әрекетсіздік
- E) игіліктер
- F) кінә

20. Органикалық теорияның өкілдері:

- A) А.Шеффле
- B) Г.Спенсер
- C) Р.Вормс
- D) Г.Тард
- E) О.Бисмарк
- F) Р.Фильмер
- G) А.Радищев

21. Саяси жүйенің реттеуші бағыты:

- A) құқық
- B) саяси әрекеттің тәсілдері
- C) саяси мәдениет
- D) саяси сана
- E) саяси жүйе
- F) саяси нормалар
- G) әдет-ғұрып

22. «Тежемелік және тепе-теңдік» жүйесіне сәйкес атқару билігін шектеу механизмі:

- A) Президент билігінің мерзімсіздігі
- B) Президент билігінің шексіздігі
- C) Импичмент

- D) Парламент тарапынан Үкіметке сенімсіздік білдіру вотум
- E) Соттың атқару органдары алдындағы жауаптылығы
- F) Президент билігінің кеңдігі

23. Құқықтық мәдениеттегі бағалаушылық қызметінің жүйесіне кіреді:

- A) құқықтың салалары
- B) құқықтың сипаты
- C) құқықтың қағидалары
- D) құқықтың ақиқаттылығы
- E) құқықтың құндылығы
- F) құқықтың құрылымы

24. Қоғамдық қатынастар түрлері:

- A) ұжымдық
- B) моральдық
- C) бірлескен
- D) экономикалық
- E) топтық
- F) саяси

25. Құқық қолдану актілері салалық белгілері бойынша:

- A) құқық қорғаушы
- B) әкімшілік-құқықтық
- C) қаржылық
- D) құқықты қалпына келтіруші
- E) азаматтық-құқықтық

26. Англо-саксондық құқықтық жүйеге жататын елдер:

- A) Қытай
- B) Франция
- C) Канада
- D) Жаңа Зеландия
- E) Ресей
- F) Ұлыбритания

27. Нақтылы-әлеуметтік әдіске тән тәсілдер:

- A) бақылау
- B) анкеттеу
- C) терістеу
- D) тарихи
- E) формальды-юридикалық
- F) салыстырмалы-құқықтық
- G) жүйелеу

28. Конституциялық құқық реттейді:

- A) еңбек аясындағы қатынастарды
- B) басқару қатынастарын
- C) мүлік емес қатынастарды
- D) басқару нысанын
- E) отбасы мүшелері арасындағы қатынастарды
- F) тұлғаның құқықтық мәртебесін
- G) мемлекеттің құрылымдық нысанын

29. Құқықтық сананың тарихи даму кезеңдері мен типологиясы:

- A) кейінгі
- B) орта ғасырлар
- C) орташа
- D) өркениеттік
- E) көне дәуір
- F) алғашқы
- G) таптық

30. Құқық қолдану актілері салдары бойынша:

- A) құқықты құрушы
- B) әкімшілік-құқықтық
- C) құқықты тоқтатушы
- D) құқықты орындаушы
- E) құқықты қалпына келтіруші
- F) азаматтық-құқықтық
- G) сот органдарының

3.13. Пән бойынша емтихан сұрақтары:

1. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдісі. Мемлекет және құқық теориясының қоғам және заң ғылымдары арасындағы орны.
2. Құқық нормаларына түсінік беру.
3. Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының Тұжырымдамасындағы мемлекет және құқық мәселелері.

4. Мемлекет пайда болу теорияларының жалпы сипаттамасы: әлеуметтік-экономикалық, патриархалдық, шарттық, зорлық, психологиялық және т.б.
5. Құқықтың нысандары (қайнар көздері).
6. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Жолдауындағы мемлекет және құқық мәселелері.
7. Мемлекет түсінігі және оның белгілері.
8. Құқық нормасы және нормативтік құқықтық акт бабының ара қатынасы.
9. Романды-германдық (континенталдық) құқықтық отбасы.
10. Мемлекет формасының түсінігі және оның элементтері.
11. Құқықтық реттеу пәні.
12. Құқықтық нигилизмнің түсінігі мен нысандары.
13. Басқару нысаны: түсінігі мен түрлері.
14. Құқықтық реттеу әдісі.
15. Құқық нормаларын қолдану актілері: түсінігі, түрлері.
16. Мемлекеттік құрылыс нысаны (формасы): түсінігі мен түрлері.
17. Нормативтік құқықтық актілердің жүйеленуі.
18. Заңдылыққа әсерін тигізетін факторлар.
19. Мемлекеттік (саяси) режим: түсінігі мен түрлері.
20. Субъектілер бойынша түсінік беру түрлері.
21. 1994 жылдан қазіргі кезге дейінгі Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының реформалануы.
22. Мемлекеттің мақсаты мен қызметі: түсінігі, топталуы.
23. Құқық салалары.
24. Жеке адамның құқықтық мәртебесі.
25. Мемлекеттік қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ролі.
26. Заң шығару процесі: түсінігі мен сатылары.
27. Құқыққа қарсы әрекеттер және заңды жауапкершілік.
28. Мемлекеттің ішкі қызметі.
29. Құқық институты.
30. Заңдық жауапкершіліктің түрлері.
31. Мемлекеттің сыртқы қызметі.
32. Құқық нормасының құрылымы.
33. Құқықтық мінез-құлық түсінігі және оның түрлері.
34. Мемлекеттің пайда болуының әлеуметтік-экономикалық теориясы.
35. Құқықтық қатынас субъектілері.
36. 24 наурыз 1998 ж. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 23.10.2001 ж. және 06.03.2002 ж. өзгертілер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Заңы.

37. Мемлекеттік аппарат түсінігі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік аппарат құрылымы.
38. Құқықтың іске асырылуы: түсінігі мен нысандары.
39. Мұсылман құқығы.
40. Мемлекет органдары: түсінігі мен белгілері.
41. құқық шығару: түсінігі мен түрлері.
42. Құқықтағы сабақтастық және жанартылу. Құқық рецепциясы.
43. Қазақстан Республикасы мемлекеттік аппаратының қызметі және ұйымдастырылу принциптері.
44. Заңды фактілер және олардың топталуы.
45. Құқықтағы кемістіктер және олардың орның толтыру тәсілдері.
46. Мемлекет аппаратындағы Қазақстан Республикасы ішкі істер органының орны.
47. Құқық нормалары: түсінігі мен белгілері.
48. Құқықтық сана, құқықтық тәрбие және құқықтық мәдениет.
49. Құқықтық мемлекет: түсінігі мен негізгі тұжырымдамалары.
50. Құқықтық қатынас мазмұны құқықтық қатынас құрамының элементі ретінде.
51. Англо-саксондық (жалпы құқықтық отбасы) құқықтық отбасы.
52. Қазақстандағы азаматтық қоғам және мемлекет.
53. Құқық бұзушылықтың түсінігі, оның белгілері мен түрлері.
54. Қазақстан Республикасының заң шығару билігі.
55. Құқықты қолдану.
56. Құқықтық жүйе; түсінігі мен құрылымы. Құқықтық отбасы.
57. Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2013 ж.
58. Қазақстан Республикасындағы атқарушы билік.
59. Құқықтық қатынас түсінігі.
60. құқықтың мәні, оның қоғам мен мемлекет өміріндегі ролі.
61. Мемлекеттің пайда болуының экономикалық және әлеуметтік алғы шарттары.
62. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының түсінігі және оның белгілері.
63. Қазақстан Республикасындағы сот билігі.
64. Азаматтық қоғам: түсінігі, құрылымы.
65. Құқық нормаларының топталуы.
66. Құқық бұзушылық құрамы.
67. Саяси жүйе: түсінігі мен құрылымы.
68. Заң: түсінігі, белгілері, түрлері.
69. Заңдылықтың түсінігі және белгілері.
70. Демократия: түсінігі және белгілері
71. Нормативтік құқықтық акт: түсінігі мен түрлері.
72. Түсінік беру тәсілдері, көлемі бойынша түсінік беру түрлері.

73. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінің нормативтік құқықтық негізі.
74. Шарт құқықтың қайнар көзі ретінде.
75. Құқық жүйесі: түсінігі мен элементтері.
76. Мемлекет мәні: таптық және жалпы әлеуметтілік.
77. Құқықтық қатынас объектілері.
78. Заңды жауапкершіліктің түсінігі мен белгілері.
79. Мемлекет типологиясына формациялық және өркениеттік көзқарас.
80. Құқықтық әдет-ғұрып.
81. Құқықтық сананың түсінігі, құрылымы және түрлері.
82. Мемлекет және құқық, олардың ара қатынасы.
83. Соттық (әкімшілік) прецедент.
84. Құқықтық тәртіп және қоғамдық тәртіп, олардың ара қатынасы.
85. Әлеуметтік нормалар және олардың түрлері.
86. Материалдық және іс жүргізу құқығы.
87. Заңдылық және тәртіп. Тәртіптің түрлері.
88. Құқықты түсінудегі негізгі тұжырымдамалар.
89. Құқықтық қатынастар құрамы (элементтері).
90. Нормативтік актілердің уақыт, кеңістік және тұлғалар бойынша әрекеті.

3.14. Құрастырған: мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Түсіпбеков Серғазы Сейтқазыұлы.